СЕЙСЕНБІ
№19 (4559)
18.02.2025
www.aikyn.kz
e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

AIQYN

ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Литва Президентіне құттықтау жеделхатын жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Гитанас Науседаны Литва мемлекеттілігін қалпына келтіру күнімен құттықтады.

Жеделхатта Литва Республикасы бүгінде Еуропа Одағының белсенді мүшесі ретінде өз мемлекеттілігін нығайтып, азаматтарының әл-ауқатын жақсарту жолында едәуір жетістікке қол жеткізгені жазылған.

Президент Қазақстан мен Литва арасындағы дәстүрлі достық пен өзара түсіністік рухында өрістеп келе жатқан қарым-қатынастар халықтарымыздың игілігі үшін ұдайы дами беретініне сенім білдірді.

БАРЛЫҚ САЛАДА ЗАҢНАМАНЫҢ САҚТАЛУЫ МАҢЫЗДЫ

Мемлекет басшысы Бас прокурор Берік Асыловты қабылдады. Президентке еліміздегі заң үстемдігінің жай-күйі және қадағалау органдарының басым бағыттары бойынша атқарған жұмыс қорытындылары туралы баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа криминогендік жағдай және қылмыстық-құқықтық саладағы азаматтардың конституциялық қақын қамтамасыз етуге бағытталған шаралар жөнінде есеп берілді. Прокуратура органдары сотқа дейінгі тергеу сатысында 32 мыңнан астам заңсыз шешімді тоқтатты, бұл істер Қылмыстық-процестік кодекске сай келмейді. 4 мың азаматтың қылмыстық іске негізсіз тартылуына жол бермеді. Сонымен қатар заңсыз ұсталған 1,5 мыңнан аса адам босатылды. Бас прокурордың қарсылығы негізінде Жоғарғы Сот 150 тұлғаға қатысты істің мән-жайын оң бағытқа өзгертіп, соның ішінде 10 адам толық ақталды.

Берік Асыловтың хабарлауынша, әлеуметтік-экономикалық салада 81 мың кәсіпкердің, 979 мың зейнеткердің, халықтың әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған топтарының және басқа да азаматтардың бұзылған құқықтары қалпына келтірілген. 123 мың жұмысшының еңбек құқығын бұзуға жол берілмеген. Жалпы сомасы 4,5 миллиард теңге болатын алимент бойынша қарыз өндірілген.

Президентке былтыр мемлекет пайдасына 627 миллиард теңгеден асатын өтемақы қайтарылғаны жөнінде айтылды.

Экономикаға 12 триллион теңгеден астам қаржы құйған 800 инвесторға прокурорлық көмек берілді. Прокуратура актісі бойынша 136 лауазымды тұлға жауапқа тартылды. Прокурорлар инвесторларға қатысты мемлекеттік органдардың 712 шешіміне келісім бермеді. Инвестициялық жобаларға қолдау көрсету барысында «прокурорлық сүзгіні» пайдалану өз тиімділігін көрсетті. Жалпыұлттық пұлға енген жобалардың жүзеге асырылуын қадағалауға мүмкіндік беретін Цифрлы инвестициялық платформа белсенді қызмет атқарып келеді.

Мемлекет басшысына қоғам назарын аударған бірқатар қылмыстық істі тергеу барысы жөнінде мәлімет берілді.

Бас прокурор қылмысқа қарсы күресте цифрлық технологияларды жаппай енгізу жөнінде баяндады. Атап айтқанда, іздеуде жүрген азаматтарды «ақылды» бейнекамераның көмегімен табу (іздеуде жүргендер саны 9,4 пайызға азайды) тәсілі жолға қойылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Заң және тәртіп» қағидасын іске асыру, барлық салада заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету жұмыстарын жалғастыруды тапсырды. Сондай-ақ алаяқтыққа қарсы іс-қимыл, есірткі бизнесімен күрес, қоғамдық орындарда құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша құқық қорғау мен басқа да мемлекеттік органдардың қызметін үйлестірудің маңызын атап өтті.

ТАҒАЙЫНДАУ

Мемлекет басшысының Жарлығымен Нұрымбет Аманұлы Сақтағанов Шығыс Қазақстан облысының әкімі лауазымына тағайындалды.

***

Мемлекет басшысының Жарлығымен Берік Уәли Абай облысының әкімі болып тағайындалды.

***

Мемлекет басшысының өкімімен Руслан Сұлтанұлы Желдібай Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі – Президенттің Баспасөз хатшысы лауазымына тағайындалды.

ТӘШКЕННЕН ЕМ ІЗДЕП ЖҮР ТАЛАЙ ҚАЗАҚ

Ташкенттегі емханадан шақыру жіберетін, шекарадан көлікпен күтіп алатын, пәтер тауып, дәрігерге кіргізетін «құтқарушылар» көбейген.

→ 5

ТАСҚЫН ҚАУПІ СЕЙІЛМЕЙ ТҰР

Атырау тасқын суға дайындалып жатыр. Екінші жыл қатарынан күтіліп отырған тасқынның көлемі биыл былтырғыдан да ауқымды болады деген болжам бар.

→ 7

ҮКІМЕТАРАЛЫҚ ЫҚПАЛДАСТЫҚ ӨРКЕНДЕП КЕЛЕДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев Астанаға ресми сапармен келген Мажарстанның Сыртқы экономикалық байланыстар және сыртқы істер министрі Петер Сийяртомен кездесті.

Мемлекет басшысы дипломатқа ілтипат білдіріп, Қазақстан мен Мажарстан арасындағы стратегиялық серіктестіктің деңгейі жоғары екенін атап өтті. Сондай-ақ жоғары деңгейдегі саяси диалогтің дәйекті дамып, үкіметаралық ықпалдастықтың белсенді өркендеп келе жатқанына назар аударды.

Президент былтыр Будапешт қаласына жасаған мемлекеттік сапары аясында қол қойылған келісімдердің өз деңгейінде іске асырылып жатқанына көңілі толатынын жеткізді. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, бұл уағдаластықтарды жүзеге асыру жан-жақты серіктестікті одан әрі тереңдетуге ықпал етеді. Мемлекет басшысы Мажарстан Премьер-министрі Виктор Орбанға ыстық ықыласын жолдады.

Өз кезегінде Петер Сийярто Қасым-Жомарт Тоқаевқа Мажарстан Премьер-министрінің сәлемін жеткізді. Мажарстанның Сыртқы істер министрі Астанаға сапары кезінде бұған дейін жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтардың түрлі аспектілерін іске асыру жағдайын салалық министрліктермен және ведомстволармен талқылайтынын айтты.

Кездесуде екіжақты күн тәртібінің бірқатар өзекті мәселелері қарастырылды. Сондай-ақ сауда-экономикалық және инвестициялық салалардағы, энергетика және банк секторларындағы өзара тиімді байланысты кеңейтуге ерекше мән берілді.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев пен Петер Сийярто халықаралық маңызды мәселелер бойынша пікір алмасты.

Кездесу соңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ-мажар қарым-қатынасын дамытуға қосқан үлесі үшін Петер Сийяртоны II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

РЕСМИ САПАРМЕН БАРАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 18-19 ақпан күндері Король II Абдалла бен әл-Хусейннің шақыруымен Иордан Хашимит Королдігіне ресми сапармен барады.

Сапар барысында сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы екіжақты ынтымақтастықты одан әрі дамытуға бағытталған жоғары деңгейдегі келіссөздер өтеді.

БАЛУАНДАРДЫҢ ЖЕТІСТІГІН ЖОҒАРЫ БАҒАЛАДЫ

Мемлекет басшысы Халықаралық күрес федерациясының президенті Ненад Лаловичті қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев күрестің халықаралық спорт аренасындағы еліміздің беделін нығайтуда айтарлықтай рөлге ие екенін айтты. Сонымен қатар әлемдік турнирлерде табысты өнер көрсетіп жүрген отандық балуандардың жетістіктерін жоғары бағалады.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Халықаралық күрес федерациясымен стратегиялық ынтымақтастықты одан әрі арттыруға ниетті екенін мәлімдеді. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, инфрақұрылымды жетілдіру, даярлықтың озық әдістерін енгізу және елімізде халықаралық турнирлерді өткізу осы спорт түрінің танымалдылығы мен бәсекеге қабілеттілігін еселеуге ықпал етеді.

Ненад Лалович қонақжайлық танытқаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылығын білдіріп, ықпалдастықты жалғастыруға дайын екенін жеткізді. Ол Қазақстанды федерацияның маңызды серіктесі деп атап өтіп, біздің ұлттық күрес мектебінің зор табыстарына тоқталды. Ненад Лаловичтің айтуынша, қазақстандықтардың дені сау ұлт қалыптастыруға ұмтылысы спорт пен басқа да салаларда жоғары нәтижеге қол жеткізуге септігін тигізеді.

Кездесуде Қазақстанның әлемдік спорт қоғамдастығындағы беделін нығайту және басымдыққа ие спорт түрі ретінде күресті одан әрі ілгерілету перспективасы талқыланды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Қазақстандағы күресті дамытуға қосқан үлесі үшін Халықаралық күрес федерациясының президентін II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

ПАЛАТА ОТЫРЫСЫНЫҢ КҮН ТӘРТІБІН БЕКІТТІ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 20 ақпанда болатын Сенат отырысының күн тәртібін бекітті.

Алдағы бейсенбіде өтетін Сенат отырысында палата депутаттары «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы өсімдіктер карантині және оларды қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды қарайды.

Заңның мақсаты – фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және екі мемлекеттің аумағында карантиндік зиянды организмдердің әкелінуі мен таралуын болғызбау үшін өсімдіктер карантині және оларды қорғау саласындағы екіжақты ынтымақтастықты дамыту.

Келісімнің күші фитосанитариялық шаралар тұрғысынан, әсіресе халықаралық тасымалдау жағдайларында зиянкестер үшін жасырыну орны бола алатын немесе олардың таралуын жеңілдететін кез келген өсімдікті, өсімдік өнімін, жинау орнын, қаптаманы, тасымалдауды, контейнерді, топырақты және кез келген басқа организмді, объектіні немесе материалды қоса алғанда, карантинге жатқызылған барлық материалға қолданылады.

Сонымен қатар бюро отырысында депутаттар Сенаттың іс-шаралар жоспарын іске асыру аясындағы міндеттерді талқылады және бұған дейін Парламент Мәжілісі қабылдаған заңдарды жұмыс үшін палата комитеттеріне бөліп берді.

ЖӘРДЕМАҚЫ КӨБЕЙДІ

2025 жылғы қаңтар айында көпбалалы отбасыларға және наградталған аналарға берілетін мемлекеттік жәрдемақымен 846 мың отбасы жалпы сомасы 49,5 млрд теңге мөлшерінде қамтылған. Оның ішінде көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақы 604,7 мың отбасыға 43 млрд теңге мөлшерінде, наградталған анаға берілетін жәрдемақы 241,8 мың адамға 6,5 млрд теңге мөлшерінде төленген.

Көпбалалы отбасына берілетін мемлекеттік жәрдемақыға 4 және одан да көп бірге тұратын кәмелетке толмаған немесе 23 жасқа дейінгі күндізгі бөлімде оқитын студент балалары бар отбасылар табысына қарамастан үміткер бола алады.

Төлем мөлшері бала санына қарай есептеліп төленеді. Наградталған анаға берілетін жәрдемақы «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған аналарға тағайындалады.

Наградталған анаға берілетін жәрдемақы мөлшері:

• «Күміс алқа» алқасымен наградталған аналарға – 6,40 АЕК немесе 25 165 теңге;

• «Алтын алқа» алқасымен наградталған немесе бұрын «Батыр Ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған аналарға – 7,40 АЕК немесе 29 097 теңге.

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап көпбалалы отбасыларға тағайындалатын мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшері 6,5%-ға артқан.

ЗЕЙНЕТТІ КҮННІҢ КЕПІЛІ – БОЛМАСЫН БЮДЖЕТ ТЕТІГІ

Үкімет экономиканың тұрақты дамуына негіз болады деген мақсатта инфрақұрылымды жаңғырту үшін қаржыландырудың жаңа жолдарын іздеуде. Соның ішінде сарапшылар арасында ең көп талқыланатын құралдың бірі – Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (БЖЗҚ) активтерін пайдалану. Қоғамда халықтың зейнетақы жинақтарын мемлекеттің пайдалануына қатысты түрлі алаңдаушылық бар. Сондықтан БЖЗҚ активтерінің инфрақұрылымдық жобаларға бағытталуының себептері, тәуекелдері мен тиімділігі туралы саралауды жөн санадық.

Кәмила ДҮЙСЕН

ҰБ монетарлық операциялары департамент директоры Н.Тұрсынханов Сенатта зейнетақы активтерін басқарудың тиімділігін талқылау барысында еліміздің мемлекеттік бағалы қағаздары отандық бағалы қағаздар нарығындағы неғұрлым сенімді және өтімді қаржы құралдары екенін атап өткен еді. Оның айтуынша, БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін жергілікті нарыққа инвестициялау тұрақты инвестициялық табыс алуды ғана көздемейді, сонымен қатар елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына да ықпал етеді.

– 2025 жылы жергілікті нарықта мемлекеттік бағалы қағаздарды, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, екінші деңгейдегі банктердің және басқа да бағыттардың облигацияларын сатып алу сияқты бағыттар шеңберінде БЖЗҚ зейнетақы активтерін нарықтық жағдайларда инвестициялау жалғастырылатын болады. Зейнетақы активтерін инвестициялау тек нарықтық мөлшерлемелер бойынша жүзеге асырылатынын атап өту маңызды. Мысалы, 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша валюта портфелінің көлемі 17,2 млрд АҚШ долларын (9 трлн теңге) немесе зейнетақы активтерінің шамамен 40%-ын құрады. Бұл инвестициялар географиясын және қаржы құралдарының тізбесін кеңейту есебінен БЖЗҚ зейнетақы активтерінің портфелін әртараптандыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ ұзақмерзімді кезеңде инвестициялық портфельдің сапасы мен кірістілігін арттыруға мүмкіндік береді, – дейді ол.

Валюта портфелінің бір бөлігі стратегиялық түрде әртүрлі қаржы құралына инвестицияланады әрі алдын ала белгіленген стратегияға сәйкес жүзеге асырылады. Әдетте валюта портфелінің активтерін басқару арнайы индекс негізінде жүргізіледі. Индекс – бұл таңдалған инвестициялық нарықтардағы бағалы қағаздардың кең жиынтығы. Мысалы, акциялар индексіне Apple, Microsoft, Tesla және басқа да ірі компаниялардың 1 000-нан астам эмитенті кіреді. Эмитент – бұл бағалы қағаздарды шығаратын және олар бойынша міндеттемелерді өз мойнына алатын компания, ұйым немесе мемлекет. Мұндай тәсіл инвестициялардың әртараптандырылуын қамтамасыз етіп, тәуекелдерді төмендетуге мүмкіндік береді.

Тұрсынхановтың мәлімдеуінше, 2024 жылдың қорытындысы бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі 8,6% инфляция кезінде 17,8%-ды құрады. Сонымен қатар БЖЗҚ зейнетақы активтерінің көлемі 2024 жылы 26% -ға, ал валютаның үлесі 40%-ға дейін өскен. Айта кетейік, 2025 жылдың 1 қаңтарында зейнетақы активтері 22,4 трлн теңгеге жетті, бұл былтырғы жылмен салыстырғанда 4,6 трлн теңгеге артық. 2016 жылдан бастап зейнетақы портфеліндегі валюта активтерінің үлесі 17%-дан 40%-ға дейін ұлғайған.

Ресми деректерге сүйенсек, БЖЗҚ активтерінің шамамен 70%-ы қазақстандық эмитенттерге салынған, олардың ішіндегі ең бастысы мемлекеттік борыш (Қаржы министрлігінің облигациялары) және квазимемлекеттік борыш (ұлттық компаниялар мен холдингтердің борыштық міндеттемелері) болып табылады. Басқаша айтқанда, Қазақстанның зейнетақы жүйесі мен болашақ төлемдер ел экономикасының табысына тікелей байланысты.

Бір қарағанда ел қаржысы халық игілігіне жұмсалғаны – құптарлық іс. Дегенмен қаржыгер Андрей Чеботаревтің пікірінше, мұндай қадамнан келер қауіп те жоқ емес. Оның негізгі ойы – зейнетақы қоры активтері – «ең қасиетті» ақша, сондықтан оларды кез келген мемлекеттік жобаларға жұмсауға болмайды, тек сенімді инвестицияларға бағыттау керек. Қаржыгер зейнетақы активтерінің максималды қорғалған және тиімді болуы тиіс деп санайды.

– Қазақстандағы инвестициялық мүмкіндіктердің шектеулі екенін және сенімділігі жоғары қаржы құралдарының аздығын ескере отырып, бұл қаражаттарды шетелдік, неғұрлым тұрақты және сенімді активтерге салу керек. Патриотизмге емес, кірістілікке және қауіпсіздікке басымдық беру қажет. Мысалы, Норвегияның зейнетақы қоры өз активтерінің 5%-ын ғана ел ішінде ұстайды, себебі елдегі дағдарыс бүкіл қордың құлауына әкелуі мүмкін. Қазақстандық зейнетақы активтері де осы қағидамен әртараптандырылуы керек, – деді ол.

Сарапшы елдегі кейбір зейнетақы активтерінің өтімділігі төмен екенін алға тартты. Яғни, белгілі бір бағалы қағаздарды қажет болған жағдайда тез әрі тиімді сату мүмкін емес. Бұл дағдарыс кезінде үлкен проблемаға айналуы мүмкін. Қаржыгер мұны жылжымайтын мүлікпен салыстыра келе, құнды қағаздар да қағаз жүзінде жоғары бағалануы мүмкін, бірақ оларды тез сату қажет болғанда, бағасы күрт төмендейтінін айтты.

– Зейнетақы қорының активтері Қазақстан экономикасына инвестиция ретінде емес, халықтың болашақ зейнетақысын қамтамасыз ететін қауіпсіз, сенімді қаржы құралы ретінде қарастырылуы керек. Зейнетақыны инвестициялаудың қазақстандық моделі негізінен ішкі нарыққа бағдарланған, ал норвегиялық, чилилік және аляскалық модельдер кірістілікті арттыру үшін жаһандық қаржы құралдарын белсенді пайдаланады. Өкінішке қарай, әртараптандырудың болмауы және зейнетақы ақшасын экономиканың Несие берушісі ретінде пайдалану болашақта жүйелік тәуекелдерге әкеп соқтыруы мүмкін, – дейді ол.

Салыстырар болсақ, Норвегияның мемлекеттік зейнетақы қоры (әлемдегі ең ірі егеменді қор) қаражаттың көп бөлігін шетелдік активтерге, соның ішінде акцияларға, облигацияларға және жылжымайтын мүлікке салады. Ал Чилидің жеке қорларға негізделген зейнетақы жүйесі (AFP) қаражатты халықаралық нарықтар мен жеке секторды қоса алғанда, әртараптандырылған активтерге салады.

ЖОЛҒА БӨЛІНГЕН БЮДЖЕТ – ПАРТИЯ НАЗАРЫНДА

«AMANAT» партиясы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі республикалық кеңестің кезекті отырысы өтті. Жиын барысында еліміздің жол инфрақұрылымын дамыту мәселесіне баса назар аударылды.

Отырыс жұмысына Кеңес мүшелері, Мәжіліс депутаттары, орталық мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектордың өкілдерді, қоғам белсенділері және бейнеконференцбайланыс режимі арқылы өңірлердегі азаматтар қатысты.

Сөз басында Кеңес төрағасы, Мәжіліс депутаты Ерлан Саиров жол құрылысына бөлінетін бюджет қаражатын талан-таражға салуға жол бермеу керек екенін атап өтті.

«Ірі халықаралық қорлардан несие алып, жол салып жатырмыз. Кезінде бұл мәселені несиесіз-ақ шешуге болатын еді. Түптеп келгенде, оны салық төлеушілердің есебінен, яғни бюджет қаражатынан қайтарамыз. Осыған байланысты жол саласына бөлінетін бюджет қаражаты қайда, қалай жұмсалып жатқаны қоғамның жіті бақылауында болуы керек. Әрине, жол салынбайды емес, салынып жатыр. Алайда өңірлерде, әсіресе Ақтөбе, Атырау облыстарында жол сапасына қатысты өте көп проблема бар», – деді ол.

Бұл ретте «AMANAT» партиясының Хатшысы Ержан Жылқыбаев жол құрылысына, сапасына қатысты мәлімет тұрғындарға ашық айтылмайтынын жеткізді.

«Жыл сайын елімізде республикалық, өңірлік маңызы бар жолдар, көпірлер салынады. Құрылыс жұмысы жалғасып жатқан жобалар да аз емес. Өкінішке қарай, атқарылған немесе атқарылып жатқан жұмысқа қатысты ақпаратты халыққа жеткізу, қажет болған кезде жағдайды түсіндіру мәселесі әлі де кенжелеп тұр. Атап айтқанда, Доссор–Құлсары–Ақтау бағытындағы тасжолдың беті былтыр қырылып тасталды. Содан бері осы жол бөлігіне қатысты қандай бір жөндеу жұмысы жүргізілген жоқ. Тұрғындарға да толыққанды түсініктеме берілмеді. Жол жөндеу жұмысын жалғастыруға қажет қаражат қашан бөлінетіні, жол құрылысы қай кезде толық аяқталатыны туралы ашық ақпарат болуға тиіс», – деді Ержан Жылқыбаев.

Осы орайда, Атырау облыстық мәслихатының депутаты Арман Хайруллин өңірдегі автокөлік жолының сапасына тұрғындардың көңілі толмайтынын алға тартты.

«Былтыр көктемгі су тасқыны жол сапасына да кері әсерін тигізді. Мәселен, республикалық маңызы бар Құлсары–Доссор–Ақтау тасжолының қазіргі жағдайы мүлдем сын көтермейді. Содан бері жарты жылдан астам уақыт өтсе де жол қайта қалпына келтірілген жоқ. Әсіресе, Құлсары қаласына жете берістегі 15 шақырым жолдың астаң-кестеңі шығып жатыр. Сондай-ақ аталған трассаның ұзындығы 7 шақырымды құрайтын бөлігінде тасжолдың беткі қабаты алынып тасталғанымен, күні бүгінге дейін қайта жөнделмеді. Соның кесірінен, жолаушылар күн сайын апатқа ұшырауда. Бұл жағдай көлік жүргізушілері мен жолаушылардың мазасын кетіріп, өміріне қауіп төндіріп отыр. Ал «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ тарапы жол жөндеуге асығар емес», – деді депутат.

Кеңес мүшесі, Мәжіліс депутаты Қайрат Балабиев саладағы жеңіл ұшынан жалғасқан жемқорлық мәселесіне тоқталды.

«2022-2024 жылдар аралығында «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ мен оның аумақтық құрылымдары қызметінде 6 сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылығы тіркелді. Тергеу нәтижесінде 2 іс бойынша сот үкімі шығарылып, былтыр аталған компанияның Жамбыл облыстық филиалы директорының орынбасары және «Алматы сапа инжиниринг» ЖШС-ның техникалық қадағалау сарапшысы бас бостандығынан айырылды. Сондай-ақ мемлекетке аса ірі мөлшерде зиян келтірген «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы былтыр қылмыстық жауапкершілікке тартылды», – деді ол.

Сондай-ақ ол «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ құрылымында анықталған қылмыстардың былтырғы статистикасына назар аударды. Соған сәйкес, парақорлық – 58%-ға, ұрлық – 28%-ға, сондай-ақ лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану 8%-ға дейін жетті.

Ал Көлік министрлігі Автомобиль жолдары комитеті Жол активтерінің ұлттық сапа орталығы ұсынған ақпарат бойынша, 2024 жылы 5 мыңнан астам инспекциялық тексеру жүргізіліп, жол-құрылыс материалдарының 13,7 мыңға жуық сынамасы алынды. Нәтижесінде, оның 15%-ы немесе 2 мың жол-құрылыс материалы қолданыстан алынып тасталды. Бұған қоса, 3,3 мыңнан астам жұмыс технологиясының бұзылуы мен ақауы анықталды.

Ал Бас прокуратураның құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті ұсынған ақпаратқа сәйкес, 2022-2024 жылдары еліміздің халықаралық және республикалық маңызы бар автожолдарындағы ақауы бар жол учаскелерінде 3 668 жол-көлік оқиғасы тіркелді. Өкінішке қарай, соның салдарынан 1 121 адам қаза тауып, 4402 адам жарақат алды.

Өз кезегінде «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының м.а. Саят Шаймин биыл қолға алынатын жұмысты баяндады.

«Биыл ҚазАвтоЖол» Ұлттық компаниясы еліміздегі көлік инфрақұрылымын дамыту мақсатында 8,8 мың шақырым жол құрылысы жұмысын жүргізуді жоспарлауда. Соның ішінде жол салу және қайта құру жобалары – 2,2 мың шақырымды, күрделі жөндеу нысандары – 460 шақырымды және орташа жөндеу нысандары 7 мың шақырымды құрайды. Осы жоспар барысында алға қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін 7 мың бірлік техниканы, 91 асфальтбетон зауытын, 83 ұсақтау-сұрыптау қондырғысын жұмылдыру жоспарланып отыр. Бұл қадам 9,4 млн тонна асфальтбетон төсеуге және 13 мыңнан астам өндірістік және инженерлік персоналды тартуға мүмкіндік береді», – деді ол.

Саят Шайминнің айтуынша, былтыр елімізде жол сапасына қатысты 3 мыңға жуық ақау анықталып, оның 92%-ы, яғни 2,7 мыңға жуығы жойылды. Қалған 5,3%-ы – растау және жұмыс жүргізу сатысында. Бұл ретте, ақаулардың – 56%-ы күтіп ұстау учаскелері, 29%-ы – жүзеге асырылып жатқан жобалар және 14%-ы кепілдік учаскелері бойынша анықталды. Былтыр жол сапасын бақылау жұмысын қамтамасыз ету мақсатында 500-ге жуық сарапшысы бар 42 техникалық қадағалау компаниясы жұмылдырылды. Жыл қорытындысы бойынша, техникалық қадағалау қызметтеріне шамамен 150 млн теңге көлемінде айыппұл салынып, жеткілікті деңгейде бақылау жүргізбегені үшін 10 сарапшы жұмыстан шеттетілді.

Түркістан облысындағы «Жемқорлық және заң» газетінің бас редакторы Қаламқас Ботабекова мен Батыс Қазақстан облысының қоғам белсендісі Айболат Бөкенов жол бойындағы әжетхана тапшылығына, жол сапасына, арнайы техниканың аздығына және ауыл тұрғындарын толғандырған мәселелерге мән берді.

«Жамбыл облысынан Қарағандыға дейінгі аралықта әжетхана жоқ деуге болады. Түркістан қаласы мен Сауран ауданы аралығындағы әжетхана қолданысқа берілгеннен бері жұмыс істеген емес. Ал Тараз–Шымкент бағытындағы ақылы жолмен жүру өте қиын. Ойықтар мен шұңқырлар өте көп. Бұл ретте Шымкент–Түркістан бағытындағы жол бір жаққа қарай қисайып кетіп, көлікті басқарып отыруға қиындық туғызуда. Сондай-ақ Сауран ауданындағы Ескі Сауран ауылына жету үшін тұрғындар бірнеше шақырым жолды айналып өтуге мәжбүр. Тұрғындар осы мәселені 2019 жылдан бері көтеріп келеді. Алайда ауыл азаматтарын толғандырған мәселе күні бүгінге дейін өз шешімін тапқан жоқ», – деді Қаламқас Ботабекова.

Жиынды қорытындылай келе, Кеңес төрағасы Ерлан Саиров автокөлік пен жол – мемлекеттің стратегиялық нысандары екенін жеткізді.

«Өкінішке қарай, бұл салада оң шешімін таппай келе жатқан мәселелер өте көп. Әсіресе, сыбайлас жемқорлық фактілеріне жол беруге болмайды. Жасыратыны жоқ, өңірлердегі жол сапасына, сервис жұмысына тұрғындардың көңілі толмайды. Кемшіліктерді жою амалын бірлесіп қарастыруымыз қажет. Сондай-ақ елімізде «Қоғамдық бақылау туралы» заң бар. Соған сәйкес, «AMANAT» партиясы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі республикалық кеңес мүшелерін «ҚазАвтоЖол» компаниясының Директорлар кеңесі мүшелігіне де енгізу жөнінде ұсыныс жасаймыз», – деп түйіндеді Кеңес төрағасы.

ӨТКЕН ЖЫЛҒА ЕСЕП БЕРДІ

Индер аудандық филиалында «AMANAT» партиясы Атырау облыстық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Қуантай Бисалиев, облыстық партия филиалы жанынан құрылған комиссия мүшелері, облыстық, аудандық мәслихат депутаттары, кент, округ әкімдері, бөлім басшылары және бастауыш партия ұйымының төрасы, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен актив отырысы өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелерге орай Индер аудандық филиалының атқарушы хатшысы Дәурен Сағынғалиев, «AMANAT» партиясы атынан сайланған Елтай ауылдық округ әкімі Дулатбай Сариев, «Индер» бастауыш партия ұйымының төрағасы Бақберген Сақипов және «Жастар Рухы» ЖҚ-ның аудандық жетекшісі Гүлназ Өмірзақова 2024 жылы атқарылған жұмыстарының есебі мен 2025 жылға арналған жұмыс жоспары туралы баяндама жасады.

Отырысты қорытындылаған «AMANAT» партиясы Атырау облыстық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Қуантай Бисалиев филиалдың жылдық есебін тыңдай отырып, атқарылып жатқан жұмыстарына бағыт-бағдар берді.

– Біз сіздерді сынау үшін тексеруге келмедік, сіздердің жұмыстарыңызға жөн сілтеп, өз тәжірибемізбен бөлісуге, бірлесе отырып филиалдың жұмысын бұдан әрі көтеруге және сол бір мақсат, бір мүдде жолында бірлесе жұмыс істеуге келдік. Бізді 2025 жылға арналған жоспарлар бойынша қарқынды жұмыстар мен үлкен міндеттер күтіп тұр, – деді Қуантай Мергенбайұлы.

Актив отырысынан кейін жұмысшы топ «Индербор» бастауыш партия ұйымы мүшелерімен кездесті. Сондай-ақ Индербор кентінде Жайық өзені жағалауында былтырғы тасқын судан кейін шөккен 850 м бөгетті қайтадан қалыпқа келтіру және нығайту бағытында желтоқсан айында басталған жұмыс барысымен танысты. Сонымен қатар комиссия мүшелері Индербор кентіндегі 80 пәтерлік құрылысы тоқтап тұрған тұрғын үйге арнайы барды. Аталған ғимараттың төбе жабындысының фермалары орнатылған, терезелері салынып, бетонды сылақтары жасалған. Тұрғын үйге дейінгі сыртқы жылу, газ, су және кәріз желілері жүргізілген. Бүгінде жобалау-сметалық құжаттамаға түзету енгізу үшін құжаттары рәсімделуде.

АУЫЛ АУЫЗСУСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Ел азаматтарын сапалы ауызсумен қамтамасыз ету мәселесі жаңа деңгейге көтерілуде. «AMANAT» партиясының Өңірлік даму жөніндегі республикалық кеңесінде атқарылған табанды жұмыс нәтижесінде Үкімет өңірлерді сумен қамтамасыз ету мәселесін шешуге 100 млрд теңге бөлу туралы шешім қабылдады. Енді ел аумағындағы 367 шағын ауыл ауызсумен қамтамасыз етіледі. Бұл шешім – азаматтардың тұрмысын жақсартуға бағытталған маңызды қадам.

«Сумен қамтамасыз ету проблемасын шешу туралы алдымызға мақсат қойдық. Бүгін «AMANAT» партиясы осы мақсатқа қол жеткізді! 100 млрд теңге бөлу туралы шешім қабылданды. Яғни, Қазақстандағы шағын ауылдардың мыңдаған тұрғыны жақын арада ауызсуға қол жеткізеді», – деді Кеңес төрағасы, Мәжіліс депутаты Берік Бейсенғалиев.

Мәселені шешудің негізгі тетіктерінің бірі – кешенді блок-модульдерді орнату. Бұл дегеніміз – орталық магистральдардан шалғай орналасқан елді мекендерді де сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін автономды тазарту және сумен жабдықтау жүйелері. Мұндай шешім, әсіресе экономикалық тұрғыда ірі су құбыры желілерін тарту мүмкіндігі жоқ шағын ауылдар үшін аса маңызды.

Бұған дейін Кеңес отырысында сумен жабдықтау мәселесінің қазіргі жағдайын егжей-тегжейлі талдау ұсынылған болатын. Талқылау қорытындысы бойынша, Үкіметке нақты ұсыныстар жолданды. Осы ұсыныстар ескеріліп, Премьер-Министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев жобаны қаржыландыруға қатысты қабылданған шешімді растады.

Осылайша, «AMANAT» партиясының белсенді ұстанымы арқылы Мемлекет басшысының Қазақстан халқын таза ауызсумен 100% қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмасы жүйелі жүзеге асырылуда. «AMANAT» партиясы бөлінген қаражаттың мақсатты және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ете отырып, жағдайды жіті бақылауда ұстауды жалғастырады.

Бетті дайындаған Ә.САМАТҰЛЫ

ӨЗЕКТІ

18 АҚПАН 2025 | СЕЙСЕНБІ

АУДИТОРДЫҢ ЖАНЫ НЕГЕ АУЫРАДЫ?

Қазақстанда шаруасы шатқаяқтап, тірлігі тұралап, ісі кері кеткен сала бар, ол – аудит. Сарапшылар елде отандық аудит ұйымдары қалмай бара жатқанын айтып, дабыл қақты. Өйткені оларды «Жаһандық төрттік» ығыстырып жатыр. Енді оған Ресей фирмалары қосылады. Одақ аясында ішкі нарық қақпасын көршінің алпауыттарына айқара ашқызатын келісім жуықта күшіне енеді. Үкімет: «Біз енді бәсекені шектей алмаймыз!» – деп ашық айтты. Саладағы өзгерістер елге не әкелмек?

Айхан ШӘРІП

НЕ КҮРЕСКЕРСІҢ, НЕ ПАРАҚОРСЫҢ...

Адал аудитор – әрбір салада қалыптасқан, бірақ былайғы жұрттан, тіпті мемлекеттен жасырылып, жауыры жаба тоқылған «дертті» ашып көрсететін маман. Мемлекеттің мәңгілік тұруы, ұлттың өміршең болуы, ұлттық қауіпсіздіктің нұқсансыз сақталуы, билік органдарының ел мүддесіне қызмет етуі де осы аудиторлардың жұмысына тәуелді. Сондықтан аудитордың аудиториясы – тексеруден өтетін объект пен субъект қана емес, бүкіл мемлекет, барша халық және болашақ ұрпақ.

Ғұмырының біраз жылын аудит саласына арнаған маман Талғат Ержанов бұл кәсіп қауіп-қатермен «қолұстаса» жүретінін жеткізді. Алдымен, тексеруге барғанда, тексерілуші тарап жайылып жастық, иіліп төсек болып, асты-үстіне түседі, жылы-жұмсағын аузына тосады. Артынша қосымша құжаттар сұрата бастасаң, айтқанын орындамайтыныңды, тәуелсіз екеніңді түсіне қояды.

– Саған көзқарасы күрт өзгеріп сала береді. Біраз жыл бұрын Алматы облысында тексеріспен жүргенде, қоқан-лоқы көріністері күшейген соң қорытынды құжаттарды екі күн бұрын курьерлік қызметпен Астанаға шұғыл жолдадым. Мемлекеттік активтердің талан-тараж болғаны анықталды. Қаптаған шығын, ұрлық, жалған есеп... Аудит ресми аяқталып, елордаға қайтқан жолда Hummer-мен соғып, машинамды жол жиегіне лақтырды. Екі жігіт жетіп келіп, көлігімді тінтіп, жазбаларымды, ұялы телефонды алып кетті. Бірақ сол жолы аудит ел басшылығының алдына қойылды, ауыстүйіске негіз болды. Кейбір әріптесім әр жылдары жол апатынан көз жұмды. Мұндай жағдайлар аудиторды пара алып, проблемаға көз жұма қарауға итермелеуі мүмкін, – дейді Талғат аға.

Оның айтуынша, аудит қызметі әлі күнге «шаңды жұмыс» саналады. Көптеген мемлекеттік ұйым, квазимемлекеттік компания іскерлік құжатнамасының, бухгалтерлік есептерінің, жүк-құжаттарының басым бөлігін цифрландырмай, қағазда жүргізіп, сақтайды. Мысалы, мектептің бірінде аудиторларға үлкен 50 қорапқа толтырылған, бір бөлігі көктеп, шіри бастаған құжаттарды әкеліпті. Содан жастар бұл жұмыстың ауырлығын көріп, одан жериді, басқа салаға ауысып алады.

Сарапшы: «Кадр тапшылығын еңсеру үшін салаға аудит қана емес, сондай-ақ қаржылық, бухгалтерлік білімі бар, ақпараттық технологияда, сатып алуларда, өндірісте, маркетинг пен менеджментте жұмыс тәжірибесіне ие білікті мамандарды тарту қажет», – дейді.

Салада қалыптасқан ауыр ахуалды «AMANAT» партиясының депутаттары мәселе етіп көтерген болатын. «AMANAT» фракциясының мүшесі, Мәжіліс депутаты Руслан Қожасбаевтың айтуынша, қазақстандық нарықты жаһандық «Үлкен төрттікке» кіретін әлемдік аудит лидерлері – Deloitte&Touche, Ernst&Young, PricewaterhouseCoopers, KPMG жаулап алды. Мысалы, «Самұрық-Қазына» қоры компанияларының 82%-ы, стратегиялық активтерді басқаратын компанияларымыздың 60%-ы, қазақстандық 20 банктің 17-сі тек қана шетелдік аудиторлық компаниялардың қызметін тұтынады. Бұл аз болса, Ұлттық банк пен Ұлттық қор да «Үлкен төрттіктің» тұрақты тұтынушысы. Отандық аудит ұйымдарын қасына жолатпайды.

– Шетелдік ойыншылардың ішкі нарықтағы мұндай теңдессіз үстемдігі көптеген теріс салдарға соқтырды. Біріншіден, соның кесірінен, қазақстандық аудиттің дамуы тежелді. Мәселен, соңғы 3 жылда Қазақстанда бар-жоғы 8 жаңа аудиторлық ұйым құрылған. Дәл осы кезде 48 аудиторлық ұйым немесе 10%-ы жабылып қалды! Екіншіден, жатжұрттық қымбат аудит қызметтерін жалдау арқылы капитал елімізден шетелге әкетіліп жатыр. Өнім жеткізбейтін, тек қызметін, бірнеше парақ есеп қағазын сататын шетелдік ұйымдардан біздің экономикаға еш қайыр-пайда жоқ, – деді Руслан Сәдуақасұлы.

Ол шетелдік компаниялардың «майшелпек» тапсырысты ала сала, оны өзі орындамайтынына екпін түсірді. Тексеруді «субподряд», қосалқы мердігерлікке – қазақстандық аудиторларға жүктей салады, оларға азын-аулақ қаржы тастайды. Онсыз да жергілікті мамандарды жалдап, соларға істеттірсе, неге онда мемлекеттік мекемелер, ұлттық компаниялар, Ұлттық банк сол тапсырысты бірден отандық аудиторға бермейді? Сонда ол қаржы толық елде қалып, ұлттық мамандар мен ұйымдарды байытып, отандық аудитті өркендетер еді.

> *Ұлттық статистика бюросының хабарлауынша, 2025 жылғы 1 ақпанда Қазақстанда заңды тұлғаларды, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері мен шетелдік заңды тұлғалардың филиалдарын қоса алғанда, барлығы 2 миллион 534,6 мың кәсіпорын жұмыс істеп тұр. Яғни, өз кәсібінде қалған 1 аудиторға 1,9 мыңнан астам кәсіпорыннан келеді.*

ҮЛКЕН ТӨРТТІК НЕГЕ ТӨРДІ АЛДЫ?

Үшіншіден, аманаттық депутаттардың айтуынша, шетелдік аудиторлық компаниялар Big Data-ға, мәліметтердің, соның ішінде «жабық» ақпараттың орасан зор көлеміне қол жеткізеді, індете терең бойлап, тексереді. Руслан Қожасбаевтың пайымдауынша, мемлекеттік, стратегиялық нысандарға қожалық ететін компанияларымыздың ішкі процестеріне «қол сұғуда» шетелдіктерге бұлайша шектен тыс еркіндік беру ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіруі мүмкін. «Аудиторлық қызмет – өзіндік бір заңдастырылған барлау екенін ұмытпалық», – деді депутат.

Премьер-Министрдің орынбасары–Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин Мәжіліс депутаттарының сауалына жауабында елдегі аудит нарығын жат аудиторлардың жайлауының айыбын отандық аудиторларға аудара салғандай болды. Олар мемлекеттік және ұлттық компаниялардың сенімін жаулап ала алмапты.

– Мемлекеттік кірістер комитетінің деректерінше, бір ғана 2023 жылы «Үлкен төрттіктің» аудиторлық ұйымдары мемлекеттік бюджетке 5 млрд теңгеден астам салық төледі. Мұның сыртында олардың тартқан аудиторларының шамамен 99,9%-ы – Қазақстан азаматтары. Тек бірқатар жағдайда, аудит ерекшелігін ескере отырып, шетелдік тұлғалар жұмылдырылады. Бұл ретте тапсырыс берушілер таңдауының «Үлкен төрттік» пайдасына шамадан тыс ауытқуына олардың аудиторларының жоғары біліктілігі себепкер, – деді вице-премьер.

Ол 2021 жылы аудиторларды ұлттық аттестаттау сапасын арттыру, сондай-ақ қоғамдық маңызды кәсіпорындарға міндетті аудит жүргізетін аудиторлық ұйымдар қызметінің сапасына сыртқы бақылауды күшейту жұмыстары жүргізілгенін еске салды. Елде бірыңғай біліктілік комиссиясы құрылды. Ұзын сөздің қысқасы – Үкімет шетелдік аудиторлық ұйымдардың ішкі нарыққа үстемдігін тыймайды.

– Себебі әлеуетті инвесторлар шешім қабылдағанда, отандық ұйымдардың қаржылық көрсеткіштеріне аудиторлық есеп жүргізген аудиторлардың біліктілігіне сүйенеді. Шын мәнінде, аудит ұйымдарының қызметі мемлекеттің инвестициялық тартымдылығына тікелей ықпал етеді, – деді Серік Жұманғарин.

Бірақ Ұлттық банк те, Ұлттық қор да, министрліктер де өзіне шетелдік инвестиция салынуын қажетсінбейді. Онда неге PwC мен KPMG-ді таңдайтыны беймәлім, жауапсыз қалды.

Үкімет басшысы орынбасарының мәліметінше, 2022-2024 жылдары елімізде аудиторлық қызметпен айналысуға небәрі 70 лицензия берілген. Дәл осы кезде іс басындағы 91 аудитор лицензиясын тәрк етіп, одан ерікті түрде бас тартқан. Бас тартпаса да жұмысын тоқтатқаны қаншама? Ендеше ресми деректің өзі саладағы тоқырау және таршылық заманнан хабар береді.

Көріністің бояуын қалыңдататын тағы бір көңілсіз мәлімет: 2022-2024 жылдары аудиторлар тізіліміндегі мамандар саны 2 400-ден 2 410-ға дейін өскен. 2 жылда 10 адамға ғана артты! Алайда соның ішінде бүгінде өз мамандығы бойынша істейтін 1 322 аудитор ғана қалды.

Ұлттық статистика бюросының хабарлауынша, 2025 жылғы 1 ақпанда Қазақстанда заңды тұлғаларды, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері мен шетелдік заңды тұлғалардың филиалдарын қоса алғанда, барлығы 2 миллион 534,6 мың кәсіпорын жұмыс істеп тұр. Яғни, өз кәсібінде қалған 1 аудиторға 1,9 мыңнан астам кәсіпорыннан келеді.

Салдарынан, тәуелсіз сарапшылардың айтуынша, кәсіпорынға бас сұғып, көнерген құжаттарын қопармай-ақ, компанияның берген ақпараты бойынша қашықтан есебін дайындай салатын аудиторсымақтар пайда болыпты. Уақыты мен ғұмырын іссапарларға сарп етіп, бір кәсіпорынды мұқият зерттейтін адал мамандарға қарағанда дәл осылар өнімді-ақ: бір мезгілде бірнеше ұйымның тапсырысын қатар орындайды.

СЕРІКТЕС ЕМЕС, БАҚТАЛАС ПА?

Аудиторлық компаниялардың жағдайы ары қарай ауырлауы мүмкін. Парламент «Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде аудиторлық қызметті жүзеге асыру туралы келісімді» ратификациялады. 2023 жылғы 27 қарашадағы тиісті заңмен ратификацияланғанымен, әзірше келісім заңды күшіне енген жоқ. Биыл қолданысқа енгізіледі деп күтілуде.

– Келісімнің күшіне енуі Еуразиялық одақ елдерінің халықаралық аудиторлық желілеріне кіретін аудит ұйымдарының Қазақстанға жаппай енуіне соқтырмайды. Себебі олар аумақтылық саясатын («политика территориальности») ұстанады. Бұған қоса, толыққанды аудит жүргізу үшін қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарын білу аздық етеді. Сондай-ақ жергілікті салық және басқа заңды жетік білу талап етіледі. Ал бұл секторды шетелдік ұйымдар үшін жауып тастау немесе шектеу енгізу Қазақстанның Еуразиялық одақ аясында қабылдаған халықаралық міндеттерін бұзу болып танылады, – деді вице-премьер С.Жұманғарин.

Мәскеуде қол қойылған бұл келісімнің мақсаты – Еуразиялық одақта аудиторлық қызметтердің бірыңғай нарығын қалыптастыру. Үкімет соған сәйкес, қазақстандық аудиторлар мысалы, Ресей нарығына шыға алатынын айтады. Бірақ оған депутаттар да күмәнданады.

– Қазіргі әлемде интеграциясыз өмір сүру мүмкін емес екенін түсінеміз. Алайда отандық бизнестің мүдделерін де ескеру қажет еді. Елімізде тек 1,3 мыңдай аудитор қалды. ЕАЭО келісімі аудит ұйымының құрамында кемінде 3 аудиторы болуын, жарғылық капиталындағы аудиторларының үлесі 51%-дан кем болмауын талап етеді. Сөйтіп, негізінен 2 аудитордан құралған қазақстандық ұйымдар одақ нарығына шыға алмайды, – деді «AMANAT» фракциясының депутаты Данабек Исабеков.

Ал салаға жауапты Қаржы министрлігі «өтпелі кезеңнің болатынына, одақтың ортақ нарығы толыққанды іске қосылғанға дейін қазақстандық ұйымдарға аудиторларының санын көбейтуге мүмкіндігі барына» сілтеді. Тоқыраудағы саланың ұйымдарында солай алыптануға күш қалды ма?

Жалпы, сарапшылар бұл келісім қолданысқа енгізілген соң да қазақстандық аудиторлардың РФ нарығына еркін шыға алмайтынын ескертті. Себебі Мәскеудің шетелдік аудиторларды аттестаттау тәртібі қатал. Мысалы, Ресей қазақстандық аудиторлардан бухгалтерлік, қаржылық есептілікті ғана емес, сондай-ақ санкциядағы Ресейдің статистикасы мен микроэкономикасының жергілікті ерекшеліктерін білуін және жұмыста ескеруін, бұдан бөлек математика, ақпараттық технологиялар, компьютерлік жүйелер бойынша техникалық білімі деңгейін растауын талап етеді. Сонда одақ қазақстандық аудиторларды жан-жақтан жойқын соққы беріп, жол жиегіне шығарып тастамай ма?

ДАУА

18 АҚПАН 2025 | СЕЙСЕНБІ

ТӘШКЕННЕН ЕМ ІЗДЕП ЖҮР ТАЛАЙ ҚАЗАҚ

Елдар ҚАБА (коллаж)

Аурудан жаны қиналған адамға «сауығып кетесің» деген бірауыз сөздің өзі ем. Сол үшін де шығар дертіне шипа іздеген отандастарымыз өзіміздің медицинаны місе тұтпай, өзге елдің табалдырығын тоздырып жүр. Айталық, Өзбекстанға былтыр 7 мыңнан астам адам медициналық туризммен барған. Ем іздегендердің барлығы құлан-таза айығып келіп жатыр ма? Көршінің медицинасы шынымен де біздікінен көш ілгері ме?

Көктем ҚАРҚЫН

БАҒАСЫ АРЗАН, МАМАНЫ БІЛІКТІ

Қазір қалтаңызда ақшаңыз болса, Ташкенттегі емханадан шақыру жіберетін, шекарадан көлікпен күтіп алатын, пәтер тауып, дәрігерге кіргізетін «құтқарушылар» көбейген. Әрине, сұраныс бар жерде, ем іздегендердің жағдайын пайдаланып ақша тапқысы келетіндер де азаймайтыны анық. Халықтың жаппай Ташкентке ағылуына да себеп көп. Ең бірінші, бұрынғы одақтас республикалардың ішінде 30 күн визасыз жүруге болатын мемлекеттердің бірі – Өзбекстан. Әрі бұл жақта медициналық қызмет көрсету біздікімен салыстырғанда әлдеқайда арзан. Мысалы, кез келген дәрігердің қабылдауы жергілікті халық үшін 30 мың сум болса, шетел азаматтарына – 50 мың сум. Бұл біздің ақшамен 2 200-2 300 теңге. Ал «ЭГГ»-ға (электрлі энцефалография) түсу үшін өзбек сумымен 84 мың төлеу керек, бұл теңгемен есептегенде – 3 783 теңге. «МРТ»-ға (магнитті-резонанстық томография) басты түсіру бағасы – 7 883 теңге болады. Біздің жақта «МРТ» бағасы 25 мыңнан 50 мың теңгеге дейін баратынын ескерсек, бұл әлдеқайда арзан.

– Ташкенттегі медициналық туризмнің ең басты тартымдылығы – кәсіби білікті мамандар мен қызмет бағасының арзандығы. Бізде бір анализ жасаған ақшаға ол жақта кешенді тексерілуден өтуге болады. Медицина мамандарының білікті болуына екі жағдай ықпал еткендігі анық. Біріншіден, Ташкент медицина институты (ТашМИ) Кеңес дәуірінде де сапалы білім беретін оқу орны болған. Ал Ауғанстандағы соғыс жылдарында (1979-1989) совет әскеріне медициналық қызмет көрсететін госпитальдар Өзбекстанда шоғырландырылып, одақ елдерінен білікті дәрігерлер жасақталыпты. Олардың көпшілігі кейін Өзбекстанда қалып, шәкірттер тәрбиелеген. Сол сабақтастық сақталған, – дейді әлеуметтану ғылымдарының кандидаты Талғат Жақиянов.

> **Былтыр медициналық ұйымдарға немесе қызметкерлерге 7 мыңнан астам шағым түскен. Оның ішінде 32% сапасыз медкөмекке, 22% ұзын-сонар кезекке, 15% медицина қызметкерлерінің дөрекілігіне, 12% қате диагнозға шағымданған.**

Оның айтуынша, тәуелсіздік жылдарынан бастап өзбек жастары да шетелдік озық оқу орындарында білім алып, елдеріне оралып, өз кәсіптерін ашқан. Бір қызығы, шетелде білім алған өзбек жастары келген соң кәсіп ашуға қарай ұмтылады.

Дегенмен отандастарымыз ол жаққа бармас бұрын дәрігерлерді, клиникаларды алдын ала таңдап барғаны абзал. Қатерлі ісікпен он жылдан астам күресіп келе жатқан Жұлдыз Алжанова да басында Ташкентке ем іздеп барыпты.

– Қолым үш жасымнан бастап ауыратын. Екі ота жасатсам да еш әсері болмады. Ташкентке барып емделу туралы ой әу баста болған жоқ. Шымкент қаласындағы Даумед орталығында ем алып жүргенде хирург «Ташкентке барыңыздар» деп біздің қолымызға сол жақтағы дәрігердің байланыс нөмірін берді. Осылайша, Ташкент медицина академиясының буын және қол хирургиясы орталығына қаралдым. Олар менің қолыма үшінші рет ота жасады. Одан кейін үш күн антибиотик салды. Ауруханада өзім жалғыз жаттым. Ташкент менің қолыма екі диагноз қойды, – дейді Жұлдыз Алжанова.

Алайда ташкенттік дәрігерлер қойған диагноз қазіргімен бірдей емес еді. Осылайша, ол емді әрі қарай жалғастырмай, кейін Алматыдағы онкология орталығына келіп қаралып, қатерлі ісік екенін анықтайды. Бірақ диагнозды тым кеш білгендіктен, бір қолын кесуге тура келеді. Жұлдыз қазір Оңтүстік Кореяда ем алып жүр.

ҚОЛДА БАРДЫҢ ҚАДІРІ ЖОҚ ПА?

Ташкентте екі жыл тұрған Таңшолпан Құрманәлиеваның пікірінше, өзбекстандық азаматтардың арасында ем іздеп Қазақстанға келетіндер де бар. Өйткені біздің елмен салыстырғанда, Өзбекстан медицинаға көп қаржы бөлмейді. Мысалы, оларда ерекше қажеттілігі бар балаларға біздегідей арнайы квота қарастырылмайды. Әрине, стоматология сынды кейбір саланы емдеу Ташкентте жақсы дамығанымен, онкология, аутизм диагноздарын емдеуде бізден ілгері емес.

– Егер Қазақстанда тегін емделетін диагноз болса, Ташкентке барудың қажеті жоқ. ТМД елдерінде басқа мемлекеттер медицинаға Қазақстандағыдай қаржы бөлмейді. Тіпті, біздің елімізде көптеген диагноз тегін емделеді. Өзбекстандағы балалар онкологиядан емделу үшін Ресейге барады. Біздің еліміздің медицинасы Америка, Еуропанікімен бірдей емді, дәріні қолданып, сол деңгейде ота жасаса да, азаматтарымыз Қазақстан медицинасына сенбей, Ташкентке барады, – дейді әлеуметтік желіде медицина тақырыбын көтеріп жүрген белсенді Таңшолпан Құрманәлиева.

Оның айтуынша, ташкенттегілер «Он күнде аяғыңыздан тұрғызамыз», «дертіңізден айықтырамыз» деп кепілдік береді. Себебі ертең Қазақстан азаматы ем іздеп барып, қайтыс болып кетсе де оған ешкім жауап бермейді. Өзбекстандық дәрігерді біздің билік тергей алмайды. Ауырып тұрған адам «емдеп беремін» деген жылы сөзге сеніп қалады. Ал біздің дәрігерлер заң алдында жауап беретіндіктен ешкімге «жүз пайыз емделесіз» деп айтпайды.

Шынымен де, былтыр медицинаға 3,3 трлн теңге бөлінген. Ал Президент 2027 жылға қарай елдің ІЖӨ-нің 5%-ын бөлуді тапсырған.

Медицина саласына қыруар қаржы бөлінсе де, әрбір төртінші азаматтың отандық медицинаға көңілі толмайды. Былтыр медициналық ұйымдарға немесе қызметкерлерге 7 мыңнан астам шағым түскен. Оның ішінде 32% сапасыз медкөмекке, 22% ұзын-сонар кезекке, 15% медицина қызметкерлерінің дөрекілігіне, 12% қате диагнозға шағымданған. Кезегі жетем дегенше ауруы асқына беретінін түсінетіндер бірден Ташкентке аттанады. Солардың бірі – Гүлжан Оразаева.

– Біздің халық әр емханаға барып сансыз кезек, сапасыз қойылған диагноздан әбден шаршаған. Тегін УЗИ, МРТ, анализ береді. Бірақ соның қорытындысын оқып, басқа мамандармен кеңесіп ортақ бір шешімге келіп, бір нақты ем тағайындамайды. Ауырып барған науқасты бес маманға жібереді. Олардың әрқайсысы әртүрлі диагноз қояды. Сондықтан нәтиже шықпайды. Әр күнің емханаға барумен өтеді, – дейді Ташкенттен толық жазылып қайтқан жан.

Гүлжан Оразаеваның айтуынша, Ташкентте бетіңнен сүйіп, жылы қабақ танытып, мүмкіндік болса сол күні, болмаса келер күні барлық нәтижелерді қолға ұстатып, бар ақшаңды қалталарына басып қалып, жібереді. Ол жақта да бәрі білікті, керемет деп айтуға келмейді. Айырмашылығы жылы қабақ танытып, жылдам тексерістен өте аласың. Бізде де мықты, білімді жас мамандар, тәжірбиелі дәрігерлер бар. Тек сол кісілерді ерінбей тауып, емін алу керек.

– Мен ешкімге Ташкентке бар деп кеңес бермес едім. Бұрынғыдай емес, қазір ақшаға құнығып кеткен. Жақында Ташкентте 4-ші операцияға түстім. 8 күн сол жақтың нанын жедім. Ең бастысы жаным аман қалды, соған шүкіршілік етемін, – деді ол.

Иә, таяқтың екі ұшы бар. Бастысы, ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздегенге не жетсін!

САНИТАРДЫҢ САНЫ ДА АЗ, НАНЫ ДА АЗ

Атырауда әлі күнге дейін денсаулық сақтау саласы проблемадан арыла алмай келеді. Бір қызығы Атырау ауруханаларында, тіпті емханаларға дейін қажетті заманауи құрал-жабдықтар, аппараттар бар. Таршылық жоқ. Бірақ Атырау облысы денсаулық сақтау саласындағы кадр тапшылығы мәселесін шеше алмай келе жатыр.

Баян ЖАНҰЗАҚ,
Атырау облысы

Дәрігер мамандардың жетіспеушілігімен бірге, қазір Атырауда кіші медициналық қызметкерлер тапшы. Қазірдің өзінде Атырау облысында 100-ге жуық санитар жетіспейді. Бір қарағанда, санитар мамандардың жұмысы аса бір құнды болып көрінбеуі де мүмін. Бірақ денсаулық сақтау нысанының тазалығынан бөлек, реанимациядағы, палатадағы ауыр науқастардың шай-тамағын беру, төсек-жабдығын тазалау, әжетін өтеуіне дейінгі міндеттердің барлығын жазылмаған заңдылықпен орындайтын елеусіз батырлар – осы санитарлар.

Науқас көбейіп, әріптестері сырқаттанып қалса, тәуліктен-тәулікке дейін демалыссыз жұмыс атқаруға бар санитарлардың еңбек жағдайы әлеуметтік пакеттермен қорғалмайды. Мейлі аурухана тәулігіне қанша науқас қабылдаса да, санитарлар ауыр еңбек жағдайына қарамастан, төмен жалақы алады. Сол себепті жастар жағынан санитар мамандығын саналы түрде таңдайтындар бар деп айту қиын. Ал қазір ауыр еңбек жағдайында қызмет етіп жүрген санитарлардың көпшілігі зейнет жасына жақындаған апалар.

Қазірдің өзінде Атыраудағы медициналық мекемелерге 100 санитар жетіспейді. Оның ішінде Атырау облыстық ауруханасы жанындағы нейро-инсульт орталығында 10-ға жуық санитарға қажеттілік бар. Нейро-инсульт орталығы меңгерушісі Марта Исмаилованың айтуынша, стационар 60 төсек-орынға есептелген.

«Санитарлар басқа денсаулық сақтау мамандарымен салыстырғанда, төмен жалақы алады. Көп жағдайда санитарлар мамандандырылған арнайы курстардан өтпейді. Сол себепті де, жұмысқа жеткіліксіз дайындық жағдайында қабылданады. Мұның өзі, әрине қызмет сапасына кері әсер етіп жатады. Ауыр еңбек жағдайында қызмет етіп жүрген санитарлар кемінде айына 500 мың теңге жалақы алуы керек. Және санитарларға басқа да медицина мамандары сынды қызметтік пәтер беру мәселесін қарастыру керек деп ойлаймын. Себебі санитарлардың көпшілігі пәтер жалдап тұрады, жалақылары да мардымсыз. Қазір олар тәулік сайын ауысыммен жұмыс істейді, олай болмауы керек», – дейді спикер Марта Жеңісқызы.

Ауыр жұмысына берілген санитардың бірі – Фауза Өтебалиева. Ол 52 жаста. Нейро-инсульт орталығында алты жылдан бері еңбек етіп келе жатқан Фауза – Атырау облысына қарасты Құрманғазы ауданының тумасы. Қалада екі ұлымен бірге пәтер жалдап тұрады. «Әрине, біз науқасты емдеу процесіне араласпаймыз. Бірақ мекеменің ішкі тазалығынан бөлек, науқастың күтіміне жауапты біздер. Орталықта бір емес, бірнеше науқас бар. Оның барлығына уақытымен көмек көрсетіп үлгеруіміз керек. Тамақтандыру, жөргегін ауыстыру, әжетханаға жеткізу, төсегін тазалау сияқты қызмет бір күн ішінде бірнеше науқасқа көрсетіледі. Жұмыс ұнамаса кете беруге болады. Бізді ешкім күштеп ұстап отырған жоқ. Бірақ ауыр жағдайда жатқан науқастарға да көмек керек қой», – дейді Фауза Өтебалиева.



Бір қызығы Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасы санитарлардың жетіспеушілігін медицина саласының проблемасы деп қарастырмайтын болып шықты.

> **Жалпы, Атырау облысында дәрігер тапшылығы биыл да байқалып отыр. Қазір өңірдегі емдеу мекемелеріне 107 дәрігер маман жетіспейді. Басты себеп – кадр тұрақсыздығы.**

Санитарлар мәселесіне байланысты Денсаулық сақтау басқармасына хабарласқанымызда, кіші медицина қызметкерлері науқасты тікелей емдемейтіндіктен, оларға ерекше жағдай қаралмайтынын кесіп айтты. «Санитарлардың мәселесін әр емдеу мекемесі өзі шешуі керек. Бұл жағдайға да бекітілген стандарт бар. Сондықтан әр емдеу мекемесі өзінің ішкі шаруашылық мәселесін өзі реттеуге міндетті» деген жауап алдық.

Жалпы, Атырау облысында дәрігер тапшылығы биыл да байқалып отыр. Қазір өңірдегі емдеу мекемелеріне 107 дәрігер маман жетіспейді. Басты себеп – кадр тұрақсыздығы. Яғни, маман басқа өңірге, шет мемлекетке қоныс аударуы мүмкін. Зейнет жасына жету, бала күтіміне байланысты декреттік демалысқа шығу сынды факторларда кадр тапшылығы мәселесін туғызуда.

Десе де, Мәжілістегілер санитарлардың мәртебесін көтеруге ниетті. Жуырда Мәжіліс депутаты Таңсәуле Серіков санитарларды «көмекші» немесе «мейірбике көмекшісі» деп атауды ұсынған болатын.

«Санитар деген қызметті естігенде көбіне еден жуып, шаң сүртумен ғана айналысады деп ойлайды. Бірақ ол кісілердің атқаратын қызметі өте көп. Мысалы, операциялық блокта жұмыс істейтін санитарлар ота біткеннен кейін одан қалған қалдықтарды, адамның ампутацияланған бөлшектерін орап, тиісті қызметке «В» санаттағы қоқыс ретінде тапсырады.

Қазір психоэмоционалдық түрдегі ақы тек дәрігерлер мен медбикелерге беріледі, ал санитарларға төленбейді. Шынын айтқанда, атқарып отырған қызметі тек еден жуып, шаң сүртумен шектелмейді. Олар науқастарды тұрғызу, киіндіру, жуындыру, тамақ ішкізу, ер адамдардың сақалын қыру, төсек тартып жатқан адамдардың тісін жуу, дәріханаға пайдалануға қолдану, күту сияқты көптеген қызметті атқарады. Алайда бүгінге дейін олардың жалақысы өте төмен. Ал психдиспансердегі, тубдиспансердегі санитарлардың атқарып отырған қызметін айтпаса да болады. Алайда олардың қолға алатын жалақысы – 90 мың теңге», – деген еді депутат.

Сол себепті депутат санитарлардың жалақысы кем дегенде екі есеге дейін өсіруді, жылына бір рет санаторилық профилактикалық орындарға жұмыс беруші есебінен жолдама беруді және пәтер алу үшін жалақысын ескеріп, оларға жеңілдетілген несие беруді ұсынған еді. Әзірге депутаттың ұсынысы сауал деңгейінде ғана қалып отыр.

Ал әлем елдерінде санитар мамандардың арнайы мәртебесі бар. Айталық, АҚШ-та санитарлар жоғары жалақы алады, оларды әлеуметтік қамтамасыз етуге арналған арнайы мемлекеттік бағдарламалар бар. Жапония, Оңтүстік Корея елдерінде санитарлар да денсаулық сақтау саласындағы қызметкерлер сынды жеңілдікті ипотека бағдарламаларын қолдана алады.

Адам еңбегі – үлкен құндылық. Себебі қоғамдағы ахуалды жасайтын, мемлекетті дамытатын, реформаның бәрін жүзеге асыратын басты тетік – адам еңбегі. Санитарлардың ауыр еңбек жағдайы мемлекет тарапынан арнайы мәртебе беруге сұранып-ақ тұр.

18 АҚПАН 2025 | СЕЙСЕНБІ

ЕЛІ ҰМЫТПАҒАН ЕР ЕДІ...

Айдаһардың ордасы үшін арпалыс.

– Анау бір-екі кітапта айтылатын Мәденов кім? Сен бе, басқа ма?

– Мен едім.

– Анық па?

– Анық.

– Осы күнге дейін ол жайыңды неге айтпай жүрсің?

– «Мен пәлен еттім, түген еттім» деп несіне мақтанайын. Сырты жұпыны болса да, ішкі қасиеті мол Тайсойғанның топырағынан жаралыппыз ғой. Тайсойғанды «Қақпақты көл» демейтін бе еді, қақпағымды ашқан адам асылымды көрмей ме? Жазушы болсаң, қақпағымды көтере білмессің бе, жиен аға? – деп тынды Кенжебай...

Белгілі жазушы Ғабдол Слановтың 1981 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген алты томдық шығармалар жинағының 6-томындағы «Тайсойған түлектері» атты очеркінде осындай диалог келтірілген. Оқи отырып ұққанымыз, жазушы бұл туындысын 1965 жылы жазған болуы керек. «Қақпақты көл», «Айдаһар ордасы» және «Берекелі ұялар» атты бөлімдерден тұратын он тоғыз беттік очерк Берлин Ратушасына Жеңіс туын тіккен хас батыр Кенжебай Мәденовке арналыпты. Бұл – 1948 жылы Мәскеудің «Воениздат» баспасынан шыққан «Берлинге шабуыл» және немістің Клаус Похе, Ганс Олива ныспылы қос жазушысының «Түн көрпесі түрілгенде» атты кітаптарын оқығаннан кейін батырдың өзімен Гурьев қаласында кездесіп, 60-жылдардың орта тұсында жазылған очерк.

Тарихқа үңілсек, тек Қазақстанның өзінен 1 миллион 800 мыңдай адам қатысып, 20 дивизия жасақталған Екінші дүниежүзілік соғыстан солардың тең жартысы қайта оралған жоқ. Жорық жолында ерлік көрсетті, қаза тапты, аман қалғаны жеңіспен елге оралды. Сол кезде ерекше ерлігімен көрініп, Берлин қаласындағы басты

ғимарат – Рейхстагқа ту тіккен де қазақтың батыр ұлы Рақымжан Қошқарбаев еді. Оның ерлігін көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым Мұхтар Құл-Мұхаммед abai.kz ақпараттық порталына 2021 жылдың 4 мамырында «Саяси портрет» айдарымен жарияланған «Жаужүрек. Рейхстагқа ту тіккен кім?» атты мақаласында бүге-шігесіне дейін жазды.

Британия премьер-министрі У.Черчилльдің жеделхатына АҚШ-тың 32-ші президенті Ф.Рузвельттің жауабы жетіп үлгергенше, 1944 жылғы қарашада алғашқы нұсқасы жасалған «Берлин операциясы» жоспары егжей-тегжейлі көрсетілген арнайы Директиваға Жоғарғы Бас қолбасшы И.Сталин 1945 жылғы 3 сәуір күні қол қояды. Тарихи мәліметтер бойынша, дәл осы құжаттың негізінде 16 сәуірде бұл соғыстың ең соңғы шабуылы басталған. Небәрі 23 күнге созылған осы операцияда Қызыл Армияның шығыны шейіт болғандар мен жаралыларды қоса алғанда 361 367 адам болыпты. Әсіресе, солардың ішінде Берлиндегі қарғыс атқан қанды ұя – Рейхстаг пен айдаһардың ордасы іспетті қала комендатурасының ғимараты – Ратушаға жеңіс туын тігуге таласқандар көп еді. Рейхстагтан 360 метр жердегі фашизмнің бас штабы – «Гиммлер үйі», яғни ішкі істер министрлігінің ғимаратын алу да көзделгенімен, негізгі күш алдыңғы екеуіне салынды.

Даңқы жер жарған маршалдар Г.Жуков пен И.Конев өз абыройларын бірінші кезекке қойып, Берлинге басып кіру үшін орасан зор шығынға барғаны да рас. Оған негіз болған Жоғарғы Бас қолбасшы Сталиннің: «Фашист айуандарды өз апанында жаныштап, Берлин үстіне Жеңіс туын желбірету керек», – деген сөзі болатын. 1944 жылдың 6 қазанында айтылған осы сөзден кейін Жеңіс туын тігу аты жер жарған қолбасшылардың да ең үлкен арманына айналады. Әйтсе де, онсыз да жанталасып жатқан Гитлер командованиесі өліспей беріспеуге бейіл болды.

3-екпінді армияның құрамындағы 150-атқыштар дивизиясына қарасты 674-полктің командирі, подполковник А.Плехановтың бұйрығымен 1-батальонның барлау взводының командирі, лейтенант Рақымжан Қошқарбаев пен қатардағы жауынгер Григорий Булатов 1945 жылдың 30 сәуірі күнгі арпалыс сәтінде Рейхстагтың кіреберіс есігінің оң жақ колоннасына 14 сағат 25 минутта алқызыл туды қадағанын дивизия командирі, генерал В.Шатилов, Кеңес Одағының маршалы Г.Жуков, тіпті «Рейхстагқа ту қадаған тұңғыштар» деп дәріптелген сержант Михаил Егоров пен кіші сержант Мелитон Кантария да өз естеліктерінде жазған.

Ал Берлин комендатурасы орналасқан Ратушаға Жеңіс туы 1945 жылдың 29 сәуірінде ілінген еді. Ол ерлікті жасаған – 266-атқыштар дивизиясының құрамындағы

1008-полкіндегі 2-батальонның 5-ротасы атқыштар взводының командирі, лейтенант Кенжебай Мәденов пен оның орынбасары, кіші лейтенант Константин Громов. 28 сәуір күні 2-батальонға берілген бұйрыққа сәйкес қала Ратушасына шабуылдау әрекеті жедел әрі мұқият жасалды. Өйткені немістер де ғимарат ішіне мықтап бекініп алып, әр терезеден ажал оғын сеуіп жатыр еді. Сол себепті батальонды екіге бөлген командир, капитан Н.Бобылев біреуін өзі, екіншісінің басшылығын партиялық ұйымдастырушы, аға лейтенант Рахметолла Қарамановқа тапсырып, Ратушаға екі жағынан мысықтабандап жылжи берді. Вильгельмштрассе жағынан келген Қараманов тобының құрамында Мәденовтің взводы бар болатын. Жаңбырша жауған жау пулеметінің оғы кідірткен жауынгерлер енді қайтерін білмей аңтарылып қалғанда анадайдан кеңестік танктер де көрінді. Соны ес тұтып, ілгері басқан қызыл әскерлерден Ратушаның ішіне бірінші болып кірген жиырма жастағы Кенжебай еді. Кіруін кіргенмен, фашистердің жандәрмен қарсылығына тап болды. Ғимараттың әр бұрышы, тіпті әр қадамы үшін кескілескен ұрыс жүріп жатты. Бір тәуірі, бұлардың оқшантайында немістің фаустпатроны көп болатын, оның ерекшелігі – қалың қабырғаларды да тесіп өтетін қуатты қару.

Осылайша, үш сағат бойы тайталасқан батальон Ратушаның ішін жаудан тазартты. Екі жақтан да адам шығыны аз емес. Кенжебай үшінші қабатқа шыға бергенде жуан бағананың тасасынан тап берген еңгезердей немістің қолындағы пышақтан шалт қимылдап жалт берді де, өз пышағын өзіне сұғып үлгерді. Дереу шатырға жүгірген Кенжебай Мәденов гимнастеркасының ішінен орап алған Қызыл туды өз орынбасары Константин Громовтың көмегімен Берлин Ратушасының төбесіне қадап үлгерді. Бірақ бұл кезде екеуі де жаралы болатын. Жан алысып, жан беріскен ұрыста жарақатына да мән бермеген екеудің бар мақсаты Жеңіс туын қадау, сөйтіп қанқұйлы фашистердің жігерін құм ету еді. Ақыры, әбден қалжырап, өздері жараланса да бұйрық орындалды, Ту ілінді.

Жан-жақтан «уралаған» дауыстар Ратуша алаңын жаңғырықтырып жіберді. Себебі бұл Берлин қабырғасына, оның үстіне қала басшылығының ғимаратына тігілген тұңғыш алқызыл Кеңес туы болатын. Әйтсе де, Рейхстагтан да бұрын, Ратушаға Жеңіс туын қадаған лейтенант Кенжебай Мәденов жер-жаһанды таңғалдырған қаһармандығы туралы өмір бойы ешкімге мақтаныш етпей, міндетсінбей өтті. Өйткені қазақы тектілік оның қарапайым қалпын бұзбай, үнемі ұстамдылығын сақтай білді. Айдаһардың ордасы үшін болған арпалыс жөнінде қаншама мақалалар мен очерктер жазылып жатса да, өзінің ерлігін бұлдамаған подполковник К.Мәденов 1974 жылдың 26 желтоқсанында Гурьев қаласында соғыс салған жарақаттың салдарынан елуге қараған шағында дүние салды.

Содан бері арада 80 жыл өтсе де, бұл ерліктің лайықты бағасы берілмей келеді. Әу баста Ратуша төбесінде Жеңіс туын тұңғыш желбіреткен Кенжебай Мәденовтің даңқты ерлігі «Қызыл жұлдыз» орденімен бағаланып, қасындағы Константин Громовқа «Кеңес Одағының Батыры» атағы берілсе, әлі күнге дейін «Халық қаһарманы» атағын биылғы 19 ақпанда туғанына 100 жыл толатын нағыз қайсар офицер Кенжебай Мәденовтің ала алмауы тарихи әділеттілікке көлеңке түсіргенмен тең. Ал оны түзеу бүгінде тәуелсіз мемлекеттің өзінің ырқында емес пе?!

Назарбек ҚОСШИЕВ,
жазушы-публицист.
Атырау қаласы

ҚОНАЕВ ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

Алматы қаласында Мұқан Төлебаев атындағы көше бар. Қаланың өзге көшелерінен ерекшелігі де сол – мұнда орналасқан әрбір ғимарат тарихи тұлғалардың өмірімен тығыз байланысты. Соның ішінде көшенің ең танымал тұрғыны, мемлекет және қоғам қайраткері – Дінмұхамед Қонаев. Бүгінде бұл көше туристер мен қала тұрғындары арнайы іздеп келетін тарихи орындардың біріне айналған. Таяуда біз де әйгілі тұлғалар мекен еткен көшеге арнайы барып, Қонаевтың өнегелі ғұмырынан сыр шертетін тарихи жәдігерлермен танысып қайттық.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Алғашқы бағытымыз – Д.Қонаев музейі. Ғимарат аса биік болмаса да, есіктегі жазба музейдің дәл осы көне көшеде орналасқанынан хабар береді. Ішке кірген бойда музей қызметшілерінен кіру билетін сатып алып, ақырын бірінші қабатта орналасқан жәдігерлерге үңілдік. Сол сәтте бізді жылы жүзбен қарсы алған музей жетекшісі Елена Иватқызы бірінші қабатта орналасқан жәдігерлер мен қабырғада ілінген деректерді таныстырды.

– Қазіргі уақытта Алматыда Дінмұхамед Қонаевқа арналған екі музейіміз бар. Оның алғашқысы біз тұрған музей болса, екіншісі – өмірінің соңғы жылдарында тұрған пәтері. Мұнда Д.Қонаевтың балалық шағы, отбасылық өмірі, мемлекеттік қызметі мен дипломатиялық жұмыстары туралы естеліктер сақталған. Ал пәтерінен оның қалай өмір сүргенін көруге болады. Музей ұжымы Д.Қонаевтың қоғамның дамуы үшін атқарған еңбегін халыққа насихаттап отыр. Бірінші музей Д.Қонаевтың 90 жылдығына орай 2002 жылы ашылса, пәтер 2012 жылдан бастап келушілерді қабылдайды. Қазақстанда Димаш атамызға қатысты материалдық деректерді, соның ішінде кезінде қолданған заттары мен құжаттардың ең маңыздысын осы музейден көруге мүмкіндік бар. 2024 жыл – музей үшін табысты жыл болды. Ақылы және ақысыз түрде 2023 жылғы кірісіміз 17 млн болса, 2024 жылы 20 млн-ға жетті, – деп бастады әңгімесін Елена Иватқызы.

МУЗЕЙ ҚОРЫНДА 8 МЫҢНАН АСТАМ ЖӘДІГЕР БАР

Музейдің әр қабатында арнайы сенсорлық панельдер (тач панель) орналасқан. Технологиялық құрылғы келушілерге үш тілде қызмет көрсетеді. Биыл құрылғыға төртінші тіл – қытай тілі енгізіліпті. Елена ханым мұның себебін кейінгі жылдары Қытай мемлекетінен келетін туристердің артуымен байланыстырды. Сондай-ақ екі қабаттан тұратын музейдің бірінші қабатында арнайы жеделсаты жұмыс істейді. Себебі музейді тамашалау үшін мұнда мүмкіндігі шектеулі азаматтар да келеді.

– Бірінші қабатта Д.Қонаевтың кітаптары мен өмірбаяны ғана емес, оның басшылық қызметі тұсында Қазақстанның қандай деңгейде дамығаны, ел экономикасының ахуалы туралы біршама деректер көрініс тапқан. Димаш атамыз 45 жыл басшылық қызметте болды. Оның 25 жылында Қазақстанды басқарса, 20 жыл саяси бюроның мүшесі қызметін атқарды. Музейге кірген бетте тарихи тұлға туралы кітаптар орналасқан. Мұнда Қазақстан жазушылары мен замандастары жазған туындылар сақталған, – деді ол.

Бүгінде музей қорында 8 мыңнан астам жәдігер бар. Әсіресе, халықтың сүйіктісіне айналған тұлғаның мемлекеттік қызметтегі жетістіктері, әлем елдерімен дипломатиялық байланысы және жеке қызығушылықтары туралы қызықты деректерден хабар беретін құнды жәдігерлер қоры музейдің екінші қабатында орналасқан. Біз де тарихи оқиғалардың куәсіне айналған ыстық естеліктерді өз көзімізбен көру үшін екінші қабатқа қарай көтерілдік.

Музейдің екінші қабатында көзге ерекше түсетіні – Д.Қонаевтың жеке кабинетіндегі жұмыс үстелі. Осыған дейін бұл үстел Үкімет үйінде, яғни қазіргі Қазақстан–Британ техникалық университетінде (ҚБТУ) орналасқан еді. Музей жетекшісінің сөзінше, 2001 жылы Қонаевтың туыстары мен замандастары үстелді музейге алдырады. Жұмыс үстелінің төргі жағында Қонаевтың сыртқы келбеті бейнеленген мүсін орналасқан. Алайда келушілер үшін мүсінді фотовидеоға таспалауға тыйым салынған.

– Жұмыс үстелі орналасқан залда Д.Қонаевтың қолымен жазған өмірбаяны, жұмысқа орналасқаны туралы хаттар мен бұйрықтар сақталған. Біз бұл құжаттың барлығын Президент архивінен алдырдық.

Музейде өз орнын тапқан жәдігерлерді жинауға оның туған-туыстары көмек көрсетті. Диар Асқарұлы 2012 жылы Д.Қонаевтың пәтерін музейге табыстады. Сондықтан біз Диар Асқарұлына алғысымызды айтқымыз келеді,– деді Е. Иватқызы.

Елена Иватқызы Қонаевтың есте сақтау қабілеті жоғары болғанын, оның бір дәлелі, қызметте де, өмірде де таныс болған жандарды жатқа білетін қасиеті бар екенін атап өтті. Д.Қонаев мұқтаж жандарға үй алып беріп, тіпті жұмысқа орналасуына атсалысқан. Музей жетекшісі Д.Қонаевтың шапағатын көрген жандардың бірін жұмыс барысында кезіктіргенін айтып, қоғам қайраткерінің адамгершілік қасиеттерін айқындайтын оқиғасын бөлісті.

– Мен жұмыс барысында мынадай бір қызық оқиғаға тап болдым. Бірде музейге үлкен жастағы кісі келді. Ол Қонаевтың жұмыс үстелін ұстап тұрып, Димаш атамыздың суретіне қарап тұр екен. Сол көріністі көрген бетте мен қасына барып амандастым. Ол кісі өз сөзінде кезінде Дінмұхамед атамызбен таныс болғанын айтады. Өзінің сөзінше, сонау жылдары Алматыға оқуға түсу мақсатында келген, бірақ өкінішке қарай оқуға түсе алмаған. Сол кездері Төлебаев көшесімен өтіп бара жатқан бойда Қонаевпен кездеседі. Қолын беріп амандасқан соң Дінмұхамед ата оның шабаданмен қайда жол тартқанын сұрайды. Ол оқуға түсе алмай, ауылға қайтуға тиіс екенін, бірақ білім алғысы келетінін айтып ішіндегісін ақтарады. Д.Қонаев оның бірінші мәселесін шешіп беретінін айтып, нәтижесінде қалаға жаңадан келген студентті жатақханаға орналастырады. Димаш атамызды халық неліктен жақсы көреді, білесіз бе? Себебі ол – халықтың арасында болған адам, – деді музей жетекшісі.

«БІЗ 50 ЖЫЛ, 6 АЙ, 2 КҮН БІРГЕ ӨМІР СҮРДІК»

Д.Қонаевтың жұмыс кабинетінен шыққан соң қабырғада ілініп тұрған асатаяққа назарымыз ауды. З.Шәріпқызы қайтыс болғаннан кейін Д.Қонаев асатаяғының сабына әйелінің қайтыс болған күнін жазып қойған. Асатаяқтың жанында Д.Қонаев мен жарының қол ұстасып түскен естелік суреті бейнеленген. Бір қызығы, мұны көрген жастар тап солай суретті қайталап, стендтің алдында қол ұстасып суретке түседі. Мұндай әдемі көрініске Елена Иватқызы да бірнеше мәрте куә болғанын айтады.

– Расында Зухра Шәріпқызы екеуінің арасындағы махаббат ерекше болған. Екеуі қол ұстасып түскен мына бір стендті тамашалауға келген келушілер, әсіресе жастар тап солай суретке түсіп жатады. Келешекте мен осы бір үрдісті дәстүрге айналдырғым келеді. Д.Қонаев өзінің кітабында жарына қатысты мынадай естелік қалдырады: «Маған Зухра Шәріпқызы ең жақын, ең қимас дос еді. Біз 50 жыл, 6 ай, 2 күн бірге өмір сүрдік. Ол – қайта айналып келмейтін, мандайға бір-ақ рет жазылатын бақыт» дейді, – деді Е.Иватқызы.

Әдетте, музейдің көбінде бөлме ішіндегі арнайы температураны сақтау мақсатында түрлі әдіс-тәсілдер қолданылады. Себебі мұнда әртүрлі материалдардан жасалған жәдігерлердің сыртқы көрінісі бұзылмай, өз қалпын сақтауға тиіс. Осы ретте жәдігерлерді күтіп ұстау, апта сайын жүргізілетін санитарлық іс-шаралар турасында музей жетекшісінен сұрап көрдік.

– Музейіміз аптасына алты күн жұмыс істейді. Дүйсенбі – санитарлық күн. Ғылыми қызметкерлер жәдігерлерге тазалық жұмысын жүргізеді. Біз экспонаттарды өзіміз тазалаймыз, тарихи жәдігерлерге ешкімді жақындатпауға тырысамыз. Сондай-ақ музейде орналасқан жәдігерлердің сақталуын бақылайтын күзет жұмыс істейді. Музейде арнайы құрылғы бар. Біз бұл құрылғы арқылы бөлменің температурасын бақылап отырамыз. Құрылғының бірі төменде, екіншісі жоғарғы қабатта орналасқан. Алайда біз бөлмедегі ауа температурасын жиі өзгертуге тырыспаймыз, себебі музейде ауа температурасы бірқалыпты, – деді ол.

Тарих сахнасында есімі дүркіреп тұрған тұлғаның парасатты ғұмыры мен қызметі музей арқылы келушілерге дәріптеліп, қоғамда насихаттау ісі жүргізілгенімен, әлі күнге дейін толықтыруды, қайта жаңғыртуды талап ететін жұмыстар бар. Мәселен, Елена ханымның айтуынша, Д.Қонаев 17 рет шетелге шыққан. Алайда дәл сол сапардағы ауыс-түйістер, талқыланған мәселелер әлі күнге дейін көптің санасына жете қоймады.

– Әрине, болашақта мұражайдың ауқымын кеңейту қажет. Бұл тұста алдағы уақытта ғылыми орталық ашсақ деген ұсынысымыз бар. Димаш атамыз 17 рет шетелге шықса, біз көпке беймәлім сол сапарлары туралы архивтердегі деректермен жұмыс істегіміз келеді. Қонаевтың шетелдегі сапарлары қалай өтті, кездескен тұлғалармен не жөнінде талқылады? Әлі күнге дейін бізге толыққанды жетпеген осындай тың тақырыптарды зерттеп көргіміз келеді. Дегенмен музей қазірдің өзінде қолдан келген іс-шараның барлығын ұйымдастырып отыр. Өкінішке қарай, кейбір қала тұрғындары Алматыда жылдар бойы тұрса да, шаһарда мұндай музей барын біле бермейді, – деп сөзін қорытындылады музей жетекшісі Е.Иватқызы.

САҚТАНСАҢ – САҚТАЙДЫ

Батыс Қазақстан облысында қосымша 7 гидро бекет ашылды. Бұл көктемгі су тасқынына уақытылы болжам жасап отыру үшін салынып отыр. Жалпы, өңірде бұған дейін 22 гидробекет жұмыс істеп тұрған еді. Бұдан бөлек, қазір 150 шақырымға жуық қорғаныс бөгеттері, 93 шақырым арық салынып бітті. 74 шақырым магистралдық канал тазаланған. Мұның бәрі көктемгі су тасқынына дайындық жұмыстары. Мамандар әзірге «Жайықтан қауіп жоқ» деп отыр. Болжам бойынша, Деркөл өзені тасуы мүмкін. Егер Деркөл тасыса, бірінші кезекте Тасқала, Бәйтерек аудандары мен сол өзен бойындағы саяжайлар суға кету қаупі бар деп болжап отыр мамандар. Жалпы, өңірге судан келетін қауіптің нақты болжамы 5 наурыздан кейін белгілі болады деп түсіндіреді сала мамандары.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы

Бұл ақпаратты БҚО ТЖД Төтенше жағдайлардың алдын алу басқармасының бастығының м.а Азамат Исмаил брифингте айтты.

Биылғы көктемде болжам бойынша, Деркөл өзені тасуы мүмкін. Егер Деркөл тасыса, Тасқала мен Бәйтерек аудандарын су басу қаупі бар деген сөз.

Қазір өңірде Төтенше жағдайлар департаменті, облыстық жұмылдыру дайындығы, Аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы, облыстық Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, «Қазсушар» мекемесінің өкілдерінен құралған жұмыс тобы су тасқынына қарсы белсенді жұмыс істеп жатыр. Олар аудан-ауылды аралап, бөгеттер мен су қоймаларының жағдайын бақылап отыр.

Бұған дейін аймақ басшысы Сырым, Қаратөбе аудандарын аралаған болатын. Жалпы, БҚО-дағы Қаратөбе ауданының ауылдары екі жыл қатарынан суға кетті. «Биылғы көктемгі тасқынға дайындығы нашар» деп Қаратөбе ауданның әкіміне сөгіс те беріп үлгерді.

Биыл Қаратөбе ауданының 9 елді мекені, атап айтсақ, Қаратөбе, Шөптікөл, Үшағаш, Қоржын, Егіндікөл, Шалғын, Сәуле, Сулыкөл, Үшана ауылдары су басу қаупі бар ауылдар тізіміне енген. Бұлардың ішінде Шалғын ауылы мен Қоржын ауылы – бұрын суға кеткен ауылдар.

Ал Сырым ауданының да 9 елді мекені – Жымпиты, Өлеңті, Бұлдырты, Қособа, Жыракұдық, Тоғанас, Аңқаты, Жетікөл, Қызылағаш ауылдарын су басу қаупі бар.

Облыс әкімі қауіпті елді мекендердегі бөгеттердің жай-күйін қарап, техникалар мен эвакуациялық пункттердің әзірлігіне көз жеткізді.

Нариман Төреғалиев Қаратөбе ауданының Үшана, Сулыкөл, Үшағаш ауылдарына және аудан орталығына барып су тасқынына әзірлік барысын қарады. Нариман Төреғалиев ауылдардағы қорғаныс бөгеттерін күшейту, өзен арналарын бекіту жұмыстарын сапалы жүргізу қажеттігін айтты.

Қаратөбе ауданында жалпы алғанда 9,8 шақырым қорғаныс бөгеттері орнатылған. Аудан бойынша 30-дан астам техника бар. Қаратөбе ауданы бойынша 1 430 адамға арналған 19 эвакуациялық пункт ұйымдастырылған.

Аймақ басшысы Сырым ауданының Қособа ауылының маңында және Жымпиты ауылында салынған қорғаныс бөгеттеріне барып, сондай-ақ жаңадан салынып жатқан Төтенше жағдайлар бөлімінің ғимаратын көрді.

«Сырым ауданында су қаупі бар елді мекендерді қорғау бағытында 15 шақырым қорғаныс бөгеттері тұрғызылған. Су тасқынының салдарын жоюға 83 техника қарастырылған. Ауданда 430 орынға лайықталған 9 эвакуациялық пункт бар», – деп мәлімдеді БҚО әкімдігінің баспасөз қызметі.

Облыс әкімі салаға жауапты орынбасары Б.Нарымбетовке, аудан әкімдеріне және жауапты мекемелерге су тасқынына қарсы сақтық шараларын күшейтіп, жағдайды қатаң бақылауда ұстауды тапсырды.

Тасқын қаупі СЕЙІЛМЕЙ ТҰР

Атырау тасқын суға дайындалып жатыр. Тасқынның көлемі биыл былтырғыдан да ауқымды болады деген болжам бар.

Баян ЖАНҰЗАҚ,
Атырау облысы

Қазір өңірде Жайық, Шаған, Деркөл өзендерінде су тасқыны қаупін алдын ала анықтауға арналған 3 автоматтандырылған кешенді орнату жұмыстары жүргізілуде. Олар Деркөл өзені маңындағы шойын көпір маңайына, екіншісі Бор тау ауданындағы жаңа көпірде, ал үшіншісі Диномо спаорт базасы аумағында орналасады деп жоспарланған.

Бұдан бөлек, БҚО-да бүгінде эвакуациялық пункттерді дайындау ісі белсенді жүріп жатыр. Биыл көктемгі су тасқыны бола қалған жағдайда 32 мың адамды қабылдай алатын 317 эвакуациялық орындар дайындалып қойған. Олардың ішінде жатын орнынан бөлек медициналық қызмет пен психологиялық қолдау орны да болады деп жоспарланған.

Енді Ресейдің Ирикли су қоймасынан секундына 108 текше метр су жіберіле бастайды. Бұл қазіргі көлеммен салыстырғанда, екі есе көп су. Қазір Жайыққа жоғарыдан 60 текше метр су келіп жатыр. Бұл былтырғымен салыстырғанда, 4 есе көп. Бірақ мамандар «бұл қауіпті емес» деп отыр. Өйткені былтырғыдай суды 1 000 текше метрлеп жібермей, су қоймасын біртіндеп босатқан әлдеқайда тиімді. Қазір Ирикли су қоймасы 75-80 пайызға толған. Ресейден келетін мол су Батысқа тек бір айдан кейін жетеді. Қазір Жайық өзенінің деңгейі Орал тұсында 160 сантиметр, ол 6 метрге жеткенде саяжайларды су басады.

Атырау өңірінің тасқын алдындағы дайындығы өткен аптада Премьер-Министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен селекторлық кеңесте де талқыланды. Атырау облысының әкімі Серік Шапкеновтің хабарлауынша, алдын ала бағалау бойынша, көктемгі тасқын өткен жылдың сценарийін қайталайды. Осыған байланысты бұрын салынған бөгеттерді қайта жаңарту және қалпына келтіру жүргізілуде.

«Жол инфрақұрылымын қалпына келтіру аясында Үкімет пен жергілікті бюджеттің резервтік қаражаты есебінен 30 шақырымға жуық жол жөнделді, төрт көпір қалпына келтірілді. Бұдан басқа мал үшін 13 өткел салынды, ал бұрын су тасқынымен жуылған 49 учаскеде су өткізу құбырлары орнатылды», – деп хабарлады облыс әкімі.

Қазір үлкен тасқын қаупі Қызылқоға, Индер, Жылыой, Махамбет аудандары мен Атырау қаласы маңындағы ауылдарға төніп тұр.

Былтырғы тасқын кезінде бір емес, екі мәрте эвакуациялануға мәжбүр болған Махамбет ауданы, Бейбарыс селолық округіне қарасты Талдыкөл ауылында тасқынға қарсы шаралар күшейтілген режимде жүріп жатыр. Бүгінде Талдыкөл ауылындағы жағалауды қорғау бөгетінің жалпы ұзындығы 2,9 шақырымды құрайды. «Калинтул» жеке кәсіпорны желтоқсаннан бастап 1,8 шақырым бөгеттерді нығайтуға кірісіп кеткен болатын.

Бүгінде 2 мың қап топырақ дайындалды, қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Жайық өзенінің маңында жағалауды нығайту жұмыстары белсенді жүргізілуде, оған 10 адам және тоғыз техника жұмылдырылып отыр.

«2024 жылғы су тасқыны кезінде ауылдың сыртында екі тұрғын үй мен балабақша ғимараты қалды. Олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бөгеттер қайта жаңартылды. Жайық өзенінің жағасында орналасқан екі жеке тұрғын үйді мемлекет балансына беру жоспарлануда, өйткені олар бөгет салуға кедергі болып табылады. Жұмысты 20 ақпанға дейін аяқтау жоспарлануда», – деді Бейбарыс ауылдық округінің әкімі Сейілбек Зұлқашев.

Сонымен қатар өткен жылғы көктемгі су тасқыны кезінде бүлінген Махамбет ауданының Талдыкөл ауылына кірме жолды қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Жалпы, Махамбет ауданында 105 шақырым бөгет салынды. Биыл 29,9 шақырым бөгет қосымша нығайтылуда, сонымен қатар тағы 12,4 шақырым жаңа бөгеттер салу жоспарда.

– Индер ауданында жалпы ұзындығы 34,5 шақырым болатын тоғыз бөгетті қосымша нығайту жұмыстары жүргізілуде. Индер аудандық ТКШ, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Шапағат Ғаббасовтың айтуынша, бүгінгі күні Индербор кентінде және Елтай ауылдық округінде бөгеттерді қайта жаңарту жұмыстары аяқталған. «Осындай жұмыстар Бөдене және Ынтымақ ауылдарында жүргізілуде. Жаға бекітуге 25 жұмысшы қатысып, 18 техника жұмылдырылды. Жарсуат, Өрлік, Есбол, Көктоғай, Құрылыс ауылдарында да осы жұмыстар жалғасады, – деді Ш.Ғаббасов.

Сондай-ақ спикер республикалық маңызы бар тасжол мен Индербор аудан орталығын жалғайтын 7 шақырым жол 90%-ға жөнделгенін атап өтті.

«Жолда малды айдау үшін төрт өткел болады, қосымша бір су құбыры салынады. Құрылыс жұмыстарын осы жылдың сәуір айында аяқтау жоспарлануда», – деді Индер аудандық ТКШ, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Шапағат Ғаббасов.

Қызылқоға ауданының әкімі Қанат Қадыржанұлының айтуынша, көктемгі су тасқынының алдын алу мақсатында аудан бойынша 41 200 метр бөгетті нығайту жоспарланған. Оның 90 пайызы бүгінде аяқталған. Бұзылған екі көпір қалпына келтіріліп, жаңадан бір көпір салынды. Сонымен қатар «Сағыз-Миялы-Қарабау» тасжолында судың кедергісіз өтуі үшін 14 су өткізгіш орнатылды.

Тасқыннан былтыр қатты зардап шеккен Жылыой ауданында да жұмыстар жалғасуда. Қазір Жем өзені мен Құрсай каналының түбін тереңдету жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ аудан территориясында 29 шақырым бөгет салынған.

Өзен жағалауын бекітуден бөлек, тасқын суды Каспий теңізіне қарай бұру бойынша да жұмыстар атқарылып жатыр. Атырау облысында биыл Таулы және Гоголь каналдарында тереңдету жұмыстары аяқталады.

Атырау қаласының аумағында Жайық өзенінің бойында орналасқан 3 өзек, 6 өзек және Приморский каналдарында түбін тереңдету жұмыстары аяқталды. Зарослый каналында жұмыс жалғасуда. Аталған төрт каналдың жалпы ұзындығы 50 шақырымды құрайды.

Атырау облысының Құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары Талғат Бисеннің айтуынша, түп тереңдету жұмыстарының негізгі мақсаты – Жайық өзенінің «үлкен суды» өткізу қабілетін арттыру, әрі каналдардағы түп тереңдету жұмыстары балықтың өзенге келуіне де әсер етеді.

«Жайық өзенінің сағасын тереңдету жұмыстары өткен жылдың көктемінде

Былтырғы тасқын кезінде бір емес, екі мәрте эвакуациялануға мәжбүр болған Махамбет ауданы, Бейбарыс селолық округіне қарасты Талдыкөл ауылында тасқынға қарсы шаралар күшейтілген режимде жүріп жатыр. Бүгінде Талдыкөл ауылындағы жағалауды қорғау бөгетінің жалпы ұзындығы 2,9 шақырымды құрайды.

басталды. Жоспар бойынша ұзындығы 10 шақырым және ені 20 метр учаске екі метрге дейін тереңдетілуі керек. Бүгінде көлемнің 70 пайызы орындалды. Ауа райына байланысты жұмыс уақытша тоқтатылды, мұз ерігеннен кейін де жалғасады. Қазір гогольский каналының 14,3 шақырым тереңдігі жүргізілді, оның жалпы ұзындығы 33 шақырым. Арнаның ені 18 метр, тереңдігі екі метр. Қалған жұмысты биыл аяқтаймыз», – деді Талғат Бисен.

Қыс маусымы аяқталып, көктем жақындаған сайын қар еріп, өзен-көлдердің тасу қаупі арта түседі. Биыл да су тасқынының алдын алу шараларына ерекше көңіл бөлініп отыр.

ДОДА

18 АҚПАН 2025 | СЕЙСЕНБІ

Ойын бітті, ОЙ қалды

Сары құрлықтың басты додаларының бірі қысқы Азия ойындары өз мәресіне жетті. Қытайда өткен жарыс қызық, ерекше сәттерімен есте қалды. Құрлықтық мультиспорттық жарыста Қазақстан құрамасы 4 алтын, 9 күміс, 7 қола медальды еншілеп, жалпы есепте 4-орынға табан тіреді. Ойындар барысында спортшылар бірде мүлт кетсе, бірде тарихи көрсеткіштерге қол жеткізді.

Әсет ҚАЛИ

АЛТЫННАН АЛҚА ТАҚҚАНДАР

Біздің спортшылар осы Азиядада төрт алтын медаль жеңіп алды. Чемпион атанып, елімізге қуаныш сыйлағандардың ішінде биатлоншы Владислав Киреев, сондай-ақ ерлер арасындағы хоккей, шорт-трек және фристайл-акробатика командалары бар.

Харбиндегі жарыстың спринт сайысында төрт қазақстандық спортшы бақ сынаған еді. Нәтижесінде, Владислав Киреев алтыннан алқа тақты. Одан кейін тағы бір отандасымыз Вадим Куралес мәре сызығын кесіп, күміс жүлдеге ие болды. Айта кетейік, ол биылғы маусымда ғана негізгі құрамда өнер көрсете бастады. Үшінші орынды қытайлық Гу Цан иеленді. Ал Әсет Дүйсенов алтыншы, Александр Мухин жетінші орынға тұрақтады.

Владислав Киреев бұл медальдың Қазақстан құрамасы үшін аса маңызды болғанын атап өтті. Сондай-ақ тұғырдан оның командаласы Вадим Куралесті көргеніне қуанышты екенін айтты.

«Барлығы ойдағыдай жүзеге асты. Әсіресе, бұл алтын медаль біз үшін аса маңызды болды. Біз дайындығымызды толық көрсетіп, бірінші және екінші орындарды иелендік. Қатты қалып қоймадым. Бапкерлерім жарыс барысында жақсы бағыт-бағдар беріп отырды. Бастапқы екпінім аса жоғары болған жоқ. Бірақ жарысты тым жылдам бастау әрдайым жақсы бола бермейді. Ерте қарқын алып, соңында әлсіреп қалу қаупі бар.

Мұндай жетістікке жеткенімізге өте қуаныштымын. Бұл бізге алдағы жарыстарға үлкен сенімділік береді. Бірақ демалуға уақыт жоқ. Келесі жарыс – Әлем чемпионаты, одан кейінгісі – Әлем кубогы кезеңдері. Жалпы, жарыстар жалғаса береді, өйткені Олимпиадаға жолдама алу үшін ұпай жинауымыз керек», – деп өз ойымен бөлісті Киреев.

Доданың алғашқы күнінен бастап мұзда жарысқан желаяқ шорт-трекшілеріміз тарихи жетістікке қол жеткізді. Бұған дейін Қазақстан бұл спорт түрінен ешқашан Азия ойындарының алтынын алмаған еді. 5000 метр қашықтықта ерлер құрама мәреге бірінші болып келді. Шорт-трекшілеріміз қарсыластарын қапыда қалдырып, тарихи алтын медальды қоржынға салды. Қазақстан атынан эстафеталық жарыста Денис Никиша, Абзал Әжғалиев, Әділ Ғалиахметов, Глеб Ивченко, Мерсаид Жақсыбаев, Айбек Насен өнер көрсетті. Финалда жапон мен қытайдың спортшыларын шаң қаптырып, басып оздық. Оңтүстіккореялықтар белгілі бір себептермен жарыс жолынан шығып қалды.

Ал ерлер хоккей құрамасы бұл жарыста бесінші рет чемпион атанып отыр. Топтық кезеңде Қытайды, Тайбэйді, Жапонияны және Оңтүстік Кореяны талқандасақ. Финалдық матчта біздің хоккейшілер Жапониямен кездесіп, 5:0 есебімен сенімді түрде жеңіске жетті. Үшінші орынды Оңтүстік Корея иеленді. Бір айтатыны, біздің команда бұл Азия ойындарына бесінші рет қатысып, бесеуінде де биіктен көрінді.

Сонымен қатар Қазақстан құрамасына 4-ші алтынды фристайл-акробатика жарысынан Шерзод Хаширбаев пен Роман Иванов салды. Біздің спортшылар синхронды секіруде үздік атанып, бірден екі Қытай командасын артта қалдырды. Екінші мүмкіндікте қазақстандық фристайлшылар 97,92 ұпай жинап, жарыстың жеңімпазы атанды. Екінші орынға Қытай құрамасы (93,48 ұпай) жайғасса, үшінші орынды да қытайлық спортшылар (91,57 ұпай) иеленді. Айта кетейік, фристайлшылар Азия ойындарының тарихында тұңғыш рет жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтерілді. Алтын жүлде үшін тартыста олар Қытайдың әлемдік деңгейдегі спортшыларын басып озды.

Спорт журналисі Аслан Қаженов Азия ойындарын қорытындылай келе нәтижелерді екі жақта көруіміз керегін алға тартты.

– Шыны керек, бұған дейін қысқы спорттарға мүлде көңіл бөлмейтінбіз. Сәйкесінше, көп ештеңе білмейтінбіз. Өз басым қазақ балаларының тарихи жетістігіне қатты қуандым. Шорт-тректен де, фристайлдан да бұрын-соңды болмаған нәтиже тіркелді. Ең бастысы, осы нәтижелерді қазақ балалары тіркеді. Алдағы олимпиададан да осы бағыттар медаль беруі керек.

Иә, үмітті ақтамаған спорт түрлері бар. Шаңғы және коньки жарыстарынан алтын мүлде болмады. Бұған қоса, биатлондағы бір ғана алтынға да көңіл толмады. Кемі 2-3 беруі керек еді. Тағы бір айта кетерлігі, ұйымдастырушы тарап биыл жарыс бағдарламасынан шаңғымен секіру және фристайл могулды алып тастаған. Шаңғы мен биатлонда кейбір қашықтықтарды қысқартып тастаған. Оның да, әрине, кері әсері болды, – дейді спорт сарапшысы.

Асланның сөзінше, құрамамызға легионерлер керек емес. Осы жолы ұлттық құрамада 6 бірдей көк паспорт алған спортшы болды. Барлығы да Ресейден келгендер.

– Оларға қазір халық жұбанбайды және жеңсе қуанбайды. Одан да жеңілсе де қазақтың балаларын көбірек апарайық. Содан соң бір тілде сөйлеп, бір тілде ойлау да маңызды. Сырттай пафосты болып естілуі мүмкін. Бірақ жеме-жемге келгенде бұл фактор көп нәрсені шешеді. Әлемде бір елдің атынан барып, бір-бірімен сөйлесу үшін аудармашы адамды қолданатын біз ғана шығармыз, – дейді ол.

КҮМІСПЕН КҮПТЕЛГЕНДЕР

Алтынға пара-пар күміс жүлделерді конькимен жүгіру спортынан Евгений Кошкин, шорт-тректен әйелдер және аралас командалар, хоккейден Қазақстан әйелдер құрамасы, шаңғышы Константин Борцов, шаңғы жарысынан әйелдер құрамасы, биатлоншы Вадим Куралес, биатлоннан ерлер құрамасы және аралас командалар арасындағы фристайлшылар иеленді.

Әйелдер командасы шорт-тректен 2000 метрге аралас эстафетада және 3000 метрлік эстафетада күміс иеленді. Команда сапында Денис Никиша, Әділ Ғалиахметов, Яна Хан, Ермек Малика өнер көрсетті. Бұл сайыста Оңтүстік Корея құрамасы жеңімпаз атанса, Жапония үздік үштікті түйіндеді.

Конькимен жүгіруші Евгений Кошкин екінші күмісті жеңіп алды. Спортшымыз 100 метр қашықтықта екінші болып келді. Ол тек қытайлық Гао Тиньююға жол берді. Екі спортшы да Азия чемпионаты мен Азияда рекордын орнатты.

Одан бөлек, фристайл-акробатикадан аралас командалар арасындағы сайыста екінші орынға ие болдық. Бұл бағдарламада ел намысын Аяна Жолдас, Шерзод Хаширбаев және Асан Асылхан қорғады. Қорытынды есепте қазақстандық спортшылар 235,39 ұпай жинап, осы көрсеткіш оларға күміс медаль алып келді. Айта кетейік, бұған дейін Аяна Жолдас жеке жарыста үшінші орын алған болатын.

медаль мен үшін маңызды оқиға. Отбасылық тарихты жалғастырдым. Бұл үшін қуаныштымын, мұнда болуға да қуаныштымын», – деп мәлімдеді Константин марапаттау рәсімінен кейін.

– Алтын медальдың аздығы белгілі бір жағынан жақсы нәтиже болғанын айтады. Себебі егер 5-6 алтын алған жағдайда «шүкір, осы да жетеді» деп қысқы спорт түрлерінің дамуында проблемалар барын ұмытып кететін едік. Ертең сол 5-6 алтынды алға тартып, «спорт қарыштап дамып жатыр» деп мақтанатындар да табылар еді.

Негізгі мәселе – Қазақстанда кешенді спорттық даму бағдарламасының жоғы. Бұл тек қысқы спортқа емес, жалпы спорт саласына қатысты проблема. Сарапшының айтуынша, шенеуніктердің басты мақсаты – ұзақмерзімді жоспарлау емес, өз беделін көтеру ғана. Сондықтан нақты әрі жүйелі бағдарлама жасауға ешкім мүдделі емес. Өйткені кез келген жаңа басшы өз орнында ұзақ отырмайтынын жақсы біледі, – деді спорт журналисі Анық Көкенайұлы.

Оның сөзінше, тағы бір өзекті мәселе – тұрақтылықтың жоғы. Әр келген шенеунік өзінше бір «жаңалық» ашуға тырысады. Соның салдарынан алдыңғы басшының бағдарламасы жойылып, жаңа бір жоба қолға алынады. Осылайша, жүйеліліктің болмауы Қазақстанда спортты дамытуға кедергі келтіріп отырғанын айтады.

> **Өз басым қазақ балаларының тарихи жетістігіне қатты қуандым. Шорт-тректен де, фристайлдан да бұрын-соңды болмаған нәтиже тіркелді. Ең бастысы, осы нәтижелерді қазақ балалары тіркеді. Алдағы олимпиададан да осы бағыттар медаль беруі керек.**

Шаңғы жарысынан Константин Борцов спринтте күміс медаль жеңіп алды. Спортшының айтуынша, ол отбасылық тарихты жалғастырғанына қуынышты. Естеріңізге сала кетейік, 1996 жылы Харбинде өткен Азия ойындарында оның әкесі және жеке бапкері Владимир Борцов Қазақстанға алтын, күміс және қола медальды әкелген болатын.

«Әрине, мен қуаныштымын, себебі қола медаль емес, күміс медаль алдым. Алтынды қалайтын едім, бірақ екінші орынға да қуаныштымын. Маған сенген, қолдаған барлық адамға тағы бір рет алғыс айтамын.

Ең әсерлісі, менің әкем – менің негізгі жаттықтырушым, Харбиндегі Азия ойындарында медаль жеңіп алған. 30 жылдық цикл... Бұл

ҮЗДІК ҮШТІКТЕН КӨРІНГЕНДЕР

Қазақстан құрамасы Азия ойындарын жеті қола жүлдемен аяқтады. Оларды иеленгендер шаңғышы Олжас Климин, конькимен жүгіру спортынан командалық спринтте, мәнерлеп сырғанаушы Михаил Шайдоров, шаңғы жарысы бойынша ерлер құрамасы, фристайл-акробатикадан Аяна Жолдас, синхронды секіруден әйелдер командасы және биатлон эстафетасындағы әйелдер құрамасы болды.

Конькимен жүгіруден Қазақстан әйелдер құрамасы қола медальды еншіледі. Елге қола медальды Надежда Морозова, Кристина Силаева және Дарья Важенина сыйлады. Алтын жүлдені Оңтүстік Корея құрамасы жеңіп алды, ал Қытай күміс медаль иеленді.

Шаңғы жарысынан Олжас Климин 10 шақырымдық еркін стильдегі жарыста ел намысын сәтті қорғап, қола медальды жеңіп алды. Климиннің мәреге жеткен уақыты – 21:20.3. Жеңісті жапониялық Харуки Ямашита (21:06.5) иеленсе, оның командаласы Такацуга Уда (21:16.5) екінші орынға тұрақтады. Айта кетейік, бұған дейін Константин Борцов спринтте күміс жүлдегер атанған болатын.

Харбин қысқы Азия ойындарының жабылу салтанатында келесі Азияның қай жерде өтетіні белгілі болды. 2029 жылы Азияны Сауд Арабиясының Неом қаласы қабылдайды. Аталған шарада Харбин қаласының мәрі Ван Хэшэн мен Азия Олимпиада кеңесі төрағасының бірінші орынбасары Фок Жэнтин туды Сауд Арабиясының Ұлттық спорт комитеті төрағасына және Ұлттық спорт комитетінің төрағасы Ханзада Фейсалға тапсырды. Осылайша, тұңғыш рет қысқы Азия ойындары Батыс Азияда өтпек.

AMANAT MEDIA GROUP
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4556
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Әсет ҚАЛИ